

# Алатау

Қоғамдық-саяси газет / Общественно-политическая газета

alatau\_offset@mail.ru

@alatau.aqparat

## ДӘСТҮРЛІ БАСЫЛЫМНЫҢ ОРНЫ БӨЛЕК



Армысыздар, қадірменді оқырман! Ахмет бабамыздың өзі «Газет – халықтың көзі, құлағы һәм тілі» демей ме? Мына заманда толассыз ақпараттар легіне ілесіп, газет оқудан қалсаңыз, керек, соқыр һәм мылқау болғанмен тең. Сондықтан, Айдан хабар келіп, Марсқа сәлем жетер заман орнаса да дәстүрлі басылымның халыққа қашан да орны бөлек болып қала бермек.

Сондай жылылықты сақтап қалған, айтыстың ақтангері Айтақын ағамыз редакторлық етіп отырған «Алатау» газетінің де оқырманға деген сүйіспеншілігі ерекше. Соның дәлелі, редакция ұжымы өз оқырмандарына арнап ұтыс ойындарын ұсынады. Әлбетте, рухани азығы мол мұндай газетті материалдық құндылықтарға айырбастап алуға келмейтіні рас. Десе де, жомарттық қанына сіңген бір қазақтың өзіңізге жасаған ілтипаты деп қабылдағайсыз.

Дана биі басқарса, «Дат, тақсыр!» деп, ел ішінде айтар сөзін бүкпеген шекпендісі мен күпі киген қарашаның да сөз атасын өлтірмеген қазақпыз. Сол дәстүрден алшақтамаған «Алатау» газетінің кемеңгерлігіне тәнтіміз. Газетке жазылушы оқырмандарының көкейкесті мәселелері мен орамды ойларын, жанайқайын жария етуге мүмкіндік беріп отыр.

Шыншыл әрі сыншыл оқырман ретінде дүйім жұртты, жетісулық ағайынды бірауыздан «Алатау» газетіне жазылуға үндеймін. Газет әр шаңырақтың сүйікті басылымына айналып, әр қазақтың керегіне жараса қабағат қуанамыз.

Айнұр ТҰРСЫНБАЕВА,  
айтыскер ақын.



ТӨТЕНШЕ

## ҚАМДАНҒАН ҚАПЫ ҚАЛМАЙДЫ

«Өлмеген құлға» құлағы қылтып, көктемнің көркі көріне бастады. Күннің күрт жылынуы тосын апаттарға апаратыны жасырын емес-ті. Әсіресе, қар қалың түскен таулы аймақтардағы қардың еруі, сай-саладағы тоңның жібуі, ауа райының жауынды-шашынды болуы тасқындарға ұласады. Табиғат апатына қанша жерден сақадай саймыз дегенмен, кейде ырық бермей кететіні бар. Бұл әсіресе, жайбасарлыққа салынып, «күннің көзі жылынса, арық-тоғандарды қалыпқа келтіріп аламыз» дейтіндерге үлкен сабақ болуы керек.

Мәселен, өткен жылы ақпан мен наурыз аралығында облыс аумағында жер тоңының қатуы 1 метр тереңдікте болуына бай-



ланысты, сонымен қатар ауа райының күрт жылынуынан қардың еруі, жауын-шашынға ұласып, (Ақсу, Еңбекшіқазақ, Ескелді, Жамбыл, Қарасай, Көксу, Сарқан, Талғар аудандарында және Талдықорған қаласы) аумақтарындағы тұрғын үйлердің аулаларын су басып

қалған-ды. Осы табиғат апаттары биыл да қайталанбас үшін Алматы облысы Төтенше жағдайлар департаменті облыс аумағының тұрғындарына алдын-ала дабыл қағып, сақтық шараларын назарда ұстауды ескертуде.

Жалғасы 4-бетте.

## «АЛАТАУ» - ХАЛЫҚҚА ЕҢ ЖАҚЫН БАСЫЛЫМ

ЖАЗЫЛУ БАҒАСЫ:

РЕДАКЦИЯ АРҚЫЛЫ

10 айға – 2200 теңге.

6 айға – 1100 теңге.

ОБЛЫСТЫҚ БАҒЫНЫСТАҒЫ ҚАЛАЛАР ҮШІН

10 айға – 2862,10 теңге.

6 айға – 1717,26

АУЫЛ ТҰРҒЫНДАРЫНА

10 айға – 3048,30 теңге.

6 айға – 1828,98 теңге.

ЦЕНА ПОДПИСКИ:

С РЕДАКЦИИ

10 месяцев – 2200 тенге.

6 месяцев – 1100 тенге.

ДЛЯ ГОРОДА НЕОБЛАСТНОГО ЗНАЧЕНИЯ

10 месяцев – 2862,10 тенге.

6 месяцев – 1717,26 тенге.

ДЛЯ СЕЛЬСКОГО НАСЕЛЕНИЯ

10 месяцев – 3048,30 тенге.

6 месяцев – 1828,98 тенге.

Индексі: 16534

Оқырмандар жүрегіне жол тапқан басылымды одан әрі насихаттау әрі көпшіліктің қызығушылығын тудыру мақсатында оқырмандарға арнап ұтыс ұйымдастырып отырмыз. Ұтыс ойының «Қазпошта» АҚ-мен бірлесе отырып, наурыз айының соңында қорытындылайтын боламыз. Оқырмандар ақпан айынан бастап жазылса, газет келесі айдан бастап қолына тиеді.

## Жазып да, ҰТЫП АЛ!

Газетке жазылуға байланысты жеке тұлғаларға арнап Instagram парақшасы ашылады. Ұтыс иелерін анықтау жариялы түрде жүргізіледі, яғни Instagram әлеуметтік парақшасында тікелей эфирде өтетін болады. Жеңімпаздар туралы ақпаратты наурыз айында газетке де жариялайтын боламыз. Жазылуға атсалысқан байланыс бөлімшелері де сыйлыққа ұсынылады. Сондықтан газетке жазылғандар түбіртек көшірмесін 24-наурызға дейін редакцияға жолдауы міндет. ЕНДЕШЕ, ІСКЕ СӘТ, ҚАДІРЛІ ОҚЫРМАН!



I орын  
Смартфон  
Samsung  
Galaxy A6



II орын  
Шаңсорғыш  
Bosch  
BGS05A220



III орын  
Мультиварка  
REDMOND  
RMC-M252



IV орын  
Қысқатолқынды пеш  
Elenberg MS-2011M



V орын  
Блендер Elenberg  
HAT-9601E



VI орын  
Миксер Elenberg SW-601

Түбіртектің түпнұсқасын өзіңізде қалдырып, көшірмесін «Қазпошта» арқылы Талдықорған қаласы Қабанбай батыр көшесі, 32-үй, 2-қабат мекен-жайына жолдаңыз. Индекс: 040000. Немесе түбіртекті сканерден өткізіп, басылымның alatau\_offset@mail.ru поштасына жіберуге болады. Сонымен қатар 87028817110 ұялы телефонына WhatsApp желісі арқылы жолдауға мүмкіндігіңіз бар. Қосымша ақпарат: 87714037399 нөмірінен ала аласыздар.

Ескерту: ұтысқа тек 2019 жылы жазылғандар ғана қатыса алады.

# 10 ГЕКТАРДАН ЖЕР БЕРІЛМЕК

Талдықорған қаласындағы Жастарға қызмет көрсету орталығында Жастар жылының салтанатты ашылу рәсімі өтті. Елбасының берген тапсырмаларын және оны өңірлерде жүзеге асыру мәселелерін талқылау мақсатында өткізілген жиынға Алматы облысы әкімі А. Баталов және әр салада еңбек етіп жүрген өңір жастары, халықаралық жарыстардың жүлдегер спортшылары, еріктілер мен облыстық департамент басшылары қатысты. Жиын барысында сөз алған өңір басшысы:

– Бүгінгі күні облыста Жастар жылына арналған «Жетісу жастарының жарқын істері» атты жұмыс жоспары дайындалып, бекітілді. Алғашқы кездесуде сіздермен талқылаған ұсыныстардың жүзеге асырылуы жіті бақылауға алынған, ол бағытта нақты жұмыстар жүргізіле бастады. Атап айтқанда, облыстың әрбір аудан, қаласында жастарға қызмет көрсету орталықтары салынады, Талдықорғандағы ЖҚО базасында IT-стартап технорпаркі құрылады. Ауыл шаруашылығымен айналысулары үшін жастар ресурстары орталықтарына 10 гектардан жер берілетін болып шешілген болатын. Оған қоса бүгінгі кездесуде де бірқатар ұсыныстар айтылды. Мен оның бәрін қағазға түртіп, ойыма түйіп қойдым. Қай кезде де жастардан жақсы идея туындап, ізгі бастамалар жасалса, біз қолдауға әрқашан дайынбыз, – деп, жастарды бір серпіліп тастады. Сондай-ақ, кездесу үстінде Елбасы тапсырмасын жүзеге асыру мақсатында волонтерлық қозғалысты дамытып, белсенді жұмыс істеген ерікті студенттерге шәкіртақы 30 пайызға артатындығы белгілі болды. Президенттің 5 әлеуметтік бастамасы шеңберінде 2018 – 2019 жылдары жергілікті бюджеттен 106 грант бөлінген. 2020 жылға дейін 2 000 студентке жатақхана тұрғызу жоспарланып отыр.

Өз тілшіміз.

## КӨПҚАБАТТЫ ЖАТАҚХАНА ҚҰРЫЛЫСЫ ЖОСПАРЛАНДЫ

Талдықорған қаласындағы құрылысы аяқталмаған көпқабатты нысан 280 орындық студенттер үйіне айналады. Қазірде қала бойынша 1 университет пен 8 колледж студенттеріне баспана қажеттілігі туындап отыр. Соған сәйкес, 7 оқу орнының жатақханасына арналған жобалық-сметалық құжаттар әзірленді. Естеріңізде болса, Жастар жылының салтанатты ашылу рәсімінде Мемлекет басшысы Қазақстанда 2022 жылға дейін 70 мың жаңа орынды жатақхана салу керектігін атап өткен болатын.

Жатақхана құрылысына жоспарланып отырған ғимарат қала орталығында. Нысан маңында Орталық саябақ, Қаратал өзенінің жағалауы сынды демалыс орындары орналасқан. Студенттер үшін барлық қажетті жағдайлар жасалынады деп уәде етілуде. Атап айтсақ, ғимараттың бірінші қабатында кітапхана, асхана, миникинотзал, изоляторы бар медициналық пункт және жеке шеберханалар ашылмақ. Облыстық құрылыс басқармасының тұрғын үй және инженерлік желілер бөлімінің басшысы С.Дарменовтың айтуынша, бұл құрылыс нысаны қауіпсіздік ережелерінің барлық талаптарына сай болып, заманауи жабдықтармен қамтамасыз етіледі.

– Өткен жылдың соңында бұл жоба мемлекеттік сараптаманың оң бағасын алды. Қазіргі уақытта құрылыс-монтаж жұмыстарына мемлекеттік сатып алулар жарияланды. Сапалы құрылыс үшін заманауи материалдар қолданылатын болады, – дейді басқарма қызметкері.

Бұдан өзге колледж студенттеріне арналған жатақхана құрылысы жыл соңына дейін аяқталып, қолданысқа беріледі деп күтілуде.

## Әлем жаңалықтары

• Дәрігерлер Оңтүстік Африка Республикасында джаз музыканты Мұса Мазинидің миындағы қатерлі ісігін алып тастау үшін операция жасап жатқанда ол гитарада ойнады, деп хабарлайды Қазақпарат BBC-ге сілтеме жасап.

Дәрігерлер бас сүйегін тескенде, Мұса ұйқыда жатты. Ал ісікке жеткен кезде дәрігерлер науқасты оятты. Бұл ми қабығының картасын жасау үшін қажет болған. Операция сәтті өтіп, дәрігерлер қатерлі ісіктің 90%-ын алып тастады.

• Париждегі әйгілі сән апталығы жаңа жобаны қолға алып отыр. Олар енді қоршаған ортаға зиян келтірмейтін киімдерді шығармақшы. Әлемнің ең танымал брендтеріне бұдан былай осындай талап қойылуы мүмкін. Өйткені сән саласы экологияға ең көп зиян келтіретін көрінеді.

Сәнді киім байқауларына қарап, бұл әлем бойынша қоршаған ортаны ең көп ластайтын салалардың бірі екеніне сену қиын. Киім мен әшекейлерді өндірушілер жылына ауаға бір миллиард тоннадан аса газ шығарады екен. Бұл бүкіл халықаралық әуе рейстері мен теңіз кемелерінен шығатын газ мөлшерінен асып түседі.

Бір жылдан кейін шара ұйымдастырушылары подиумдарда тек экологиялық трендтерді көргісі келетіндерін айтты. Әлемдегі ең ірі нарықтардың бірін өз еркіне көндіру тек Париждың қолынан келетін түрі бар.

• Ташкент орталығындағы көне ғимараттардың бірінің жертелесінен 80 жыл бұрын көмілген көне қазына табылды деп хабарлады жергілікті ақпарат құралдарына сілтеме жасаған Орталық Азияның жаңалықтар қызметі.

Құны бір миллион доллардан асатын қазынаны Өзбекстан ұлттық университетінің ғалымдары қазба жұмыстары кезінде тапқан.

«Ғимарат 1870 жылы тұрғызылған. Оның жертелесінің астында тағы бір бөлме бары анықталды. Оған кіретін есік 80 жыл бұрын көміліп қалып, қазына көзден тасада ұзақ жатқан», – делінген хабарламада.

Көне заттардың ішінде ерекше өнер туындылары, алтын және күміс монеталар, үй жиһаздары, XIX ғасырдың ескі сурттері мен иконалары, бағалы металдардан жасалған бұйымдар бар.

Жәдігерлер арасында 1918 жылғы Ташкент сарайының князі Романов коллекциялары, өткен ғасырдың жиырмасыншы жылдары Ташкентке Еуропадан, Санкт-Петербургтен келген ғалымдар мен ауқаттылардың заттары, сталиндік репрессия құрбандарының бұйымдары, генерал Жорабек үйінен жоғалған заттар бар.

Көне мұралар арасынан XII – XVII ғасырлардағы танымал өзбек ойшылдарының осы уақытқа дейін жоғалған деп саналған ондаған қолжазбалары шықты.

Деректер интернет көзінен алынды.

## ӘНШІ АЛТЫ ЖЫЛҒА СОТТАЛДЫ

Танымал эстрада әншісі Гаухар Әлімбекова 6 жылға сотталды. Халық ықыласына бөленген әнші құрбысы Бақыт Назаровамен 15 жылдай уақыт дос болған. Гаухар Әлімбекова құрбысынан «Ақкент» тұрғын үй кешенінен үй алып беремін деп 40 мың доллар алған. Алайда не үй әпермеген, не ақшаны қайтармаған. Әншінің жазасы толық дәлелденіп, қылмыстық кодекстің 190 бабы «Алаяқтық» бойынша жауапқа тартылды.

Ол әншіні сегіз жылға бас бостандығынан айыруды сұраған. Жәбірленуші моральдық өтемақы ретінде 51 мың доллар мен 10 млн теңге талап етті. Сот оны ішінара ғана қабылдады.

Айыпталушы жәбірленушіге 40 мың долларды қайтаруға міндеттелді.

Сот Гаухар Әлімбекованы алты жылға бас бостандығынан айыру үкімін шығарып, орташа қауіпсіз мекемеде жазасын өтеуге кесті. Әнші кінәсін мойындамайтынын жеткізді. Сот үкімі 30 қаңтар күні өз күшіне енді.

Дереккөз: 31 арна.

## СУРЕТ ӨНЕРІНІҢ АТАСЫ

ІС-ШАРА

Осы атаулы күнге өз үлестерін қосу, суретшінің өмірі мен шығармашылығын насихаттау барысында аудандық және балалар қызметкерлері Бағлан Нурумова мен Гүлбақыт Ибраимова «Ұлы дала ұлағаты ұшан-теңіз» атты тарихи кеш пен «Дара туған даналар» атты көрме вернисаж ұйымдастырды.

Аталған шаралар Елбасымыз Н. Назарбаевтың «Ұлы даланың жеті қыры» атты жаңа мақаласындағы «Ұлы даланың ұлы есімдері» бөлімін насихаттау, көпшіліктің санасына тарихи үрдістерді сіңіру өз елімізден шыққан тарихи ұлы тұлғаларды жадымызда сақтау және оларды жас ұрпаққа жеткізу мақсатында ұйымдастырылды.

Тарихи кеште бірегей суретшінің қиындығы мен қызығы мол өмір жолы, шығармашылығы, атқарған қызметтері және ұрпағына қалдырып кеткен мол мұрасы жайында айтылса, көрме вернисажда суретшінің өмірбаяны, ол кісі жайында басылып шыққан әдебиеттер, альбомдар, кітапшалар, газет-журнал материалдармен қатар бірнеше еңбектері және Әбілхан Қастеев атамның ізбасарларының суреттері қойылып, таныстырылып өтті.

Бұл шараға Әбілхан Қастеев атындағы көркемсурет галереясының бас қор сақтаушысы Заманбекова Шолпан Жақыпқызы сөз алып, суретшінің еңбектеріне тоқталды. Аудандық мәдениет үйінің әдіскері Байжұмаева Бақытгүл Мәулімжанқызы, №6 орта мектеп интернатының кітапханашысы Байсалбаева Айгүл Исенбекқызы және осы мектептің 9-сынып оқушылары мен кітапханашылар қатынасты. «Ә. Қастеев Қазақстанның Халық суретшісі» слайд шараның тақырыбы мен мазмұнын ашып тұрды.

Бағлан НУРУМОВА,  
Панфилов аудандық кітапханасының  
оқырмандарға қызмет көрсету бөлімінің меңгерушісі.



Биылғы жылы халқымыздың аяулы да ардақты ұлы, тылсым өнердің тізгінін алғашқы болып тартқан тума дарын иесі, Қазақстанның Халық суретшісі, жерлесіміз, мақтанышымыз Әбілхан Қастеевтің туылғанына 115 жыл толып отыр.

**НОВЫЙ 2019 ГОД ДЛЯ НАШИХ СОГРАЖДАН НАЧАЛСЯ С ИЗМЕНЕНИЙ, ВНЕСЕННЫХ В РЯД РЕСПУБЛИКАНСКИХ ЗАКОНОВ. ОДНО ИЗ НОВШЕСТВ В ЗАКОНОДАТЕЛЬНОЙ БАЗЕ – ВВЕДЕНИЕ В ДЕЙСТВИЕ С 1 ЯНВАРЯ 2019 ГОДА ЕДИНОГО СОВОКУПНОГО ПЛАТЕЖА (ЕСП).**

## ЕДИННЫЙ СОВОКУПНЫЙ ПЛАТЕЖ И ЕГО ПЛЮСЫ

**Что это такое и для чего вводится?**

Главная причина введения единого совокупного платежа – это упрощение регистрации деятельности неформально занятых лиц. Он заменит собой 4 обязательных платежа в один разовый платеж: индивидуальный подоходный налог, обязательный пенсионный взнос в ЕНПФ, обязательное социальное отчисление в Государственный фонд социального страхования (ГФСС) и социальный взнос в Фонд социального медицинского страхования (ФОМС).

**Какие плюсы нам это даст?**

Плательщиком ЕСП признаются физ. лица, осуществляющие предпринимательскую деятельность без регистрации в качестве индивидуального предпринимателя, которые одновременно соответствуют следующим условиям: уплатили единый совокупный платеж; не используют труд наемного работника, оказывают услуги только физ. лицам, которые не являются налоговыми агентами и (или) реализуют только физ. лицам, не являющимся налоговыми агентами, сельскохозяйственную продукцию личного подсобного хо-

зяйства собственного производства, за исключением подакцизной продукции.

Не признаются в качестве плательщиков ЕСП физ. лица, оказывающие услуги (выполняющие работы) на территории торгово-развлекательных центров (ТРЦ); лица, занимающиеся частной практикой, арендодатели нежилых помещений, лица, имеющие государственную регистрацию в качестве индивидуального предпринимателя, а также иностранцы и лица без гражданства, за исключением оралманов.

Для физических лиц, являющихся плательщиками ЕСП в соответствии со статьей 774 Кодекса Республики Казахстан «О налогах и других обязательных платежах в бюджет» (Налоговый кодекс), обязательные пенсионные взносы в свою пользу, подлежащие уплате в ЕНПФ, составляют 30 процентов от 1-кратного размера месячного расчетного показателя в городах республиканского и областного значения, столице и 0,5-кратного размера месячного расчетного показателя в других населенных пунктах.

При этом применяется размер

месячного расчетного показателя, установленного законом о республиканском бюджете и действующего на 1 января соответствующего финансового года.

У граждан, подпадающих под режим ЕСП, появляется возможность на облегченных условиях платить все платежи и участвовать в системах социального обеспечения. Также к плюсам единого совокупного платежа можно отнести и участие в системе обязательного социального медицинского страхования и получение доступа к медицинским услугам, неограниченным по сумме и видам, с правом выбора медицинского учреждения после введения ОСМС.

**Самым же главным плюсом для казахстанцев, являющихся плательщиками ЕСП, станет участие в накопительной пенсионной системе и получение базовой пенсионной выплаты в зависимости от стажа участия в системе.** Кроме пополнения своих пенсионных накоплений в ЕНПФ, для плательщиков ЕСП появится возможность получать базовую пенсионную выплату в зависимости от стажа участия в пенсионной систе-

ме. Участник системы также может получить социальные выплаты в случаях утраты трудоспособности, потери работы, потери кормильца, беременности и родов, усыновле-

индивидуального пенсионного счета (ИПС) для учета обязательных пенсионных взносов (ОПВ) физическому лицу осуществлялось на основании заявления об открытии ИПС,

ния или удочерения ребенка, ухода за ребенком.

Еще одним из плюсов ЕСП значится существенная финансовая прибавка к минимально гарантированной государством социальной помощи в виде пособий, а также тот факт, что за счет подтверждения своего дохода, повышается потенциальная кредитоспособность граждан. То есть теперь плательщик ЕСП официально может получить кредит в банке, подтвердив свою платежеспособность регулярными взносами.

ЕСП подлежит уплате общей суммой через банки второго уровня или организации, осуществляющие отдельные виды банковских операций (например, через АО «Казпочта»). Платеж следует перевести на банковский счет Государственной корпорации «Правительство для граждан». Далее Госкорпорация распределяет платеж в виде индивидуального подоходного налога (ИПН) и социальных платежей, затем перечисляет ИПН в бюджет региона, а социальные платежи в ЕНПФ, ГФСС и ФОМС.

**И тут еще один плюс для вкладчиков ЕНПФ!** Ранее открытие

поданному в ЕНПФ. С января 2019 года отсутствует необходимость физическим лицам обращаться в ЕНПФ для открытия ИПС для учета ОПВ – это будет происходить автоматически при поступлении первого взноса в случае отсутствия у физического лица в ЕНПФ открытого ИПС для учета ОПВ.

При этом идентификация физического лица будет осуществляться по персональным данным (ФИО, ИИН, дата рождения), указанным в электронном формате платежного поручения при перечислении ОПВ, а все необходимые сведения о реквизитах действующего документа, удостоверяющего личность физического лица, о месте постоянного проживания ЕНПФ будет получать из информационных систем государственных органов.

Отметим, что порядок открытия ИПС для учета обязательных профессиональных и добровольных пенсионных взносов остается прежним.

Для удобства вкладчиков открытие ИПС по учету добровольных пенсионных взносов также осуществляется онлайн на сайте ЕНПФ при наличии актуального ключа ЭЦП.

**ПО СООБЩЕНИЮ ПРЕСС-СЛУЖБЫ ОБЛАСТНОЙ ПАЛАТЫ ПРЕДПРИНИМАТЕЛЕЙ, ГОСУДАРСТВЕННЫЙ ОРГАН БОЛЕЕ ТРЕХ МЕСЯЦЕВ ИГНОРИРОВАЛ ОБРАЩЕНИЕ ПРЕДПРИНИМАТЕЛЯ**

### НАКАЗАН ЗА НЕОБОСНОВАННЫЙ ОТКАЗ

В июне 2018 года предпринимательница Жанар Имангалиева обратилась в отдел архитектуры и градостроительства города Талдыкорган о переводе квартиры из жилищного фонда в объект коммерческого назначения (аптека). Однако государственный орган нарушил стандарт оказания государственных услуг и только спустя несколько месяцев направил ответ об отказе в удовлетворении обращения.

После долгого ожидания ответа от госоргана женщина для получения юридической помощи была вынуждена обратиться в Палату предпринимателей. В целях определения законности решения отдела архитектуры и градостроительства экспертами Палаты было направлено письмо в областной департамент Агентства по делам государственной службы и противодействию коррупции (ДАГСИПК). В свою очередь представители департамента провели внеплановую проверку в отделе.

«Комитет по делам строительства и жилищно-коммунального хозяйства Министрства по инвестициям и развитию РК признал необоснованным ответ на-

чалника отдела, который согласно пункта 1, статьи 60 Закона «Об архитектурной, градостроительной и строительной деятельности в Республике Казахстан» отказал в изменении функционального назначения жилищного фонда на коммерческий объект. В связи с этим, начальник отдела М.Анаркулов, согласно пункта 2, статьи 465 Кодекса «Об административных правонарушениях» привлечен к административной ответственности», - говорится в ответе ДАГСИПК по Алматинской области.

Вместе с тем, только после вмешательства Палаты предпринимателей и ДАГСИПК представители отдела спустя 115 дней так и ответили на обращение предпринимательницы. В связи с не предоставлением полной информации о правилах оказания государственной услуги в отношении ведущего специалиста отдела применено дисциплинарное взыскание в виде «предупреждение». Согласно стандарту оказания государственной услуги срок предоставления государственной услуги составляет 15 рабочих дней.

Соб.КОРР.

### ПОДВЕДЕНЫ ИТОГИ РАБОТЫ



**На площадке Региональной службы коммуникаций состоялась пресс-конференция, посвященная подведению итогов деятельности Совета по защите прав предпринимателей и противодействию коррупции при Палате предпринимателей Алматинской области. Спикерами выступили председатель Совета Баниямин Файзулин и член Совета, заместитель председателя Коллегии адвокатов по Алматинской области Данипа Адильбекова.**

«За прошлый год проведено 8 заседаний Совета, где рассмотрены 25 проблемных вопроса. Порядка 70% обращений решены в

пользу бизнеса, остальные на стадии решения. Вместе с этим за нарушение прав предпринимателей 3 должностных лица привлечены к ответственности. Но самое главное, мы делаем акцент на то, чтобы изменить менталитет и отношение государственных служащих к предпринимателям, в целом развитие бизнес в области», - подчеркнул председатель Совета по защите прав предпринимателей и противодействию коррупции Баниямин Файзулин.

По словам спикера, большинство обращений связаны с земельными отношениями, жалобами на действия государственных органов.

«Совет рассматривает как системные проблемы, так и частные вопросы, а также изучает проблемы поддержки малого бизнеса. Обращение каждого предпринимателя, поступающее в региональную палату, будь то индивидуальный предприниматель, крестьянское хозяйство или субъект крупного бизнеса тщательно изучается. Если проблема требует рассмотрения на законодательном уровне, то вопрос вносится на уровень Национальной палаты предпринимателей» - отметила член Совета Данипа Адильбекова.

## ПРЕЗЕНТОВАН ПИЛОТНЫЙ ПРОЕКТ

**По сообщению пресс-службы палаты предпринимателей области, в Палате предпринимателей состоялась встреча руководства РГП «Казгидромет» с фермерами Алматинской области, где был презентован пилотный проект по агрометеорологическому мониторингу и прогнозированию. Проект включает в себя оказание услуг по агромониторингу и агропрогнозированию. Применение прогностической и агрометеорологической информации повысит продуктивность сельскохозяйственного производства и снизит ущерб от неблагоприятных метеорологических явлений, заверяют специалисты. Агроуслуги будут оказываться на безвозмездной основе сроком на один год.**

На встрече приняли участие заместитель акима Алматинской области Женис Туяков, директор Палаты предпринимателей Алматинской области Нариман Абишайкиев, директор РГП «Казгидромет» Марат Кынатов, руководители крестьянских хозяйств и представители государственных органов.

«Благодаря такому мониторингу и прогнозированию фермеры будут владеть информацией о заморозках, граде и других явлениях. Справки дадут основание перед страховыми компаниями, государственными организациями для компенсации понесенного

ущерба. Кроме того, сведения «Казгидромета» очень важны для проведения посевной и уборки урожая, состояния озимых культур, внесения минеральных удобрений и борьбе с вредителями», - рассказал генеральный директор РГП «Казгидромет» Марат Кынатов.

В тестовом режиме проект стартовал в июле 2018 года в Северо-Казахстанской области, где заключено 25 договоров на оказание агрометеорологических услуг. В течение четырех месяцев (июль-октябрь) предприниматели регулярно получали информацию о фактической погоде и состоянии сельскохозяйственных культур на электронную поч-



ту и WhatsApp.

Алматинская область станет вторым пилотным регионом. В настоящее время агрометеорологические наблюдения проводятся на 23 пунктах наблюдений в 13 районах Алматинской области. Однако радиус нынешней метеостанции составляет всего 15 км, что не дает объективную информацию и охватить весь регион.

«На сегодняшний момент «Казгидрометом» проводится техническая модернизация оборудования, в том числе и в Алматинской об-

ласти. К середине 2020 года в Талдыкоргане будет установлен метеорологический радар радиусом в 250 км, что позволит охватить всю область и давать объективные данные об явлениях», - поделился Марат Кынатов.

В рамках услуг для предпринимателей будут предоставляться синоптические и агрометеорологические прогнозы, штормовые предупреждения и метеogramмы. Также будут использоваться космические снимки, которые своевременно выявят «проблемы» на полях.

В случае заинтересованности крестьянские и фермерские хозяйства должны заключить договор с «Казгидрометом». Первый год обслуживания бесплатный.

Глава крестьянского хозяйства «Кассанжар» Жанатбек Саргалдаков отмечает актуальность

агропрогнозирования для предпринимателей.

«Это очень необходимая и важная услуга для нас. Если мы раньше делали прогноз на погоду посредством народных примет, то сейчас пришло время довериться современным технологиям. Данный проект полезен не только для растениеводов, но и для тех, кто занимается животноводством», - рассказал предприниматель Жанатбек Саргалдаков.

В ходе встречи фермеры задали вопросы инициаторам и поделились предложениями по будущему сотрудничеству.

По итогам мероприятия был подписан меморандум о развитии агрометеорологического мониторинга и прогнозировании между акимом Алматинской области и РГП «Казгидромет».

Заместитель акима Алматинской области Женис Туяков выразил уверенность в эффективности реализации проекта, и отметил важность применения новых технологий в увеличении производительности и сокращении расходов.

Ш. БАТЫРХАНОВ.

ДАУ-ДАМАЙ

# ИЛЬИЧТИҢ ЖАРЫҒЫНА ЖАРЫМАДЫҚ

**ІЛЕ АУДАНЫНА ҚАРАСТЫ МЕЖДУРЕЧЕНСК АУЫЛДЫҚ АЙМАҒЫНДАҒЫ САЯЖАЙДЫҢ ЭЛЕКТР ЖЕЛІСІНЕ ҚАТЫСТЫ ДАУ-ДАМАЙЫ 10 ЖЫЛДАН БЕРІ БАСЫЛМАЙ КЕЛЕДІ. ҚЫСТЫҢ ҚАҚАҒАН САРЫ АЯЗЫНДА, ЖАРЫҚСЫЗ ҚАЛЫП, СОҚЫР ТЕКЕ ОЙНАҒАНДАЙ МАЙШАМНЫҢ ЖАРЫҒЫМЕН КҮН КЕШКЕН ТҰРҒЫНДАР АҚПАРАТ ҚҰРАЛДАРЫН ШУЛАТЫП, КӨГІЛДІР ЭКРАНДА КӨЗДЕРІНІҢ ЖАСЫН КӨЛДЕТІП ЖҮР.**

Алайда, саяжайда жарықсыз қалған бар жоғы 6-7 тұрғынның талаптары орынсыз дегендерге «Балтакөл» бақ өсірушілер серіктестігі» тұтыну кооперативінің төрағасы Ерсайын Ерқожа: «Балтагүл» мен «Балтакөл» атауы бөлек болғанымен, құжат бойынша екеуі бір серіктестік және ол өзіме тиесілі. Ай сайын жарық, су және саяжай бірлестігінің жарнасын төлеп отырмын», – деп жауап берді.

Сонымен қатар, «Бұл жерді 2006 – 2007 жылдары басып алған. Жерді заңсыз иеленіп, кооператив құрған әйел сотталып кетті. Мұнда жан-жақтан көшіп келгендер қоныстанған. Аудан әкімшілігінен оларға жер берілді. Саяжайда 14 адам қалатын болды. Енді олар саяжайға мүше болып кіруі керек.


Саяжайда тұрғандар бізге ештеңе төлегілері келмейді. Мұнда арыз жазып жүрген үш адам. Қамаш Таңатарова, Айшолпан Әзірбаева, тағы бір Владимир дегендердің қарыздары



шаш етекпен.

Бұлар әлі қарызын төлемей отыр. Соңғы рет 29 сәуірде ескерттім, ешнәрсеге көнбейді, тегін тұрғысы келеді. Осы арыз жазған үш адамды саяжайдың мүшелігіне қабылдамаймыз деп шештік. Олар шуылдап Астанаға, анда-мында жазған. Прокуратура да, Ішкі істер органдары да біздің ішкі ісімізге араласа алмайды. Кооперативтің өзінің заңы бар, мен осы заңға және Құдайға ғана бағынамын. Мен заң бұзсам сотқа берсін. Бұл жерде ең бірінші Іле ауданының әкімдігі кінәлі.

Саяжайдың арғы жағындағы тұрғындар біздің кооперативке мүше болып кірді. Солардың екі-үшеуі Әлмұратова мен Әзірбаеваның үгіттеуімен «Біз сендерге жарықты тегін әпереміз» дегенге еріп жүр. Екінші Іле ауданының кемшілігі «Біз сендерге трансформатор әпереміз» деп шу шығарған. Содан олар бізге трансформатор әпереді, бәрі тегін болады дейді. Бізде 16 бағана бар, оған тартылған сымға ешнәрсе қоса алмайсындар, ал үйдің ішіне трансформатор қойсаңдар біздің келісімдерімізді аласыңдар деген шарт қойдық. Әйткені, жер – кооперативтікі. Бізге 14



адам 3 миллион 337 мың теңге қарыз. Оның барлығы – бұрынғы сотталып кеткен әйелдің құрған кооперативінің мүшелері. Біз оларға қызмет көрсетуді міндетімізге аламыз. Тек олар бізбен келісімшартқа келіскен жағдайда ғана», – дейді.

«Былай тартсаң арба сынады, былай тартсаң өгіз өледі» дегендей, жарықсыз қалып, туған-туысты сағалап жүрген саяжайдың тұрғындары 150 мың теңге төлеп, Ерсайын Ерқожа құрған «Балтакөл» бақ өсірушілер серіктестігі» тұтыну кооперативіне кіргілері жоқ. Себеб, қалт-құлт етіп күндерін әрең көріп отырған 6-7 тұрғынның қомақты қаражат төлеуге шамалары жоқ көрінеді.

Осы жайдың анық-қанығын білмек болып біз Іле аудандық тұрғын үй коммуналдық шаруашылығының төрағасы

Қанат Рахимовқа хабарластық. Оның айтуынша, бұл саланы бақылау оның құзырына жатпайды екен.

Бұл мәселе бойынша ауыл әкімі Серік Әбдібекұлымен байланысуымды өтінді. Ауыл әкімінің берген мәліметіне жүгінсек, электр желісі Қарасай ауданынан келеді. Мұндағы

Осы мәселеге қатысты біз демеушілер арқылы бес бағана да алып бердік. «Балтакөл» бақ өсірушілер серіктестігі» тұтыну кооперативінің төрағасы Ерсайын Ерқожаның өз ұстанымы бар. Әрі бұл бізге емес аудан балансына қарайды. Ауылдың маңайында тұрғандықтан саяжай тұрғындарымен бұл серіктестік береке-бітімге келгенін қалаймыз. Алайда, Ерсайын Ерқожаның қара суықта тұрғындарды жарықсыз қалдырғаны еш қисынға келмейді, – деген пікірін айтты.

Кезінде төрт-бес мың долларға сатып алған үйлеріне жарық кіргізе алмай әуре-сарсаңға түскен саяжай тұрғындарының бармаған тауы, аттамаған босағалары



барлық мүліктік қатынастар тұтыну кооперативінің ішкі жарғысына сәйкес жүргізілуі тиіс. Он жылдан бері түйіні тарқатылмай келе жатқан бұл дау-дамайдың кесірінен саяжайдағы тұрғындар қыстың көзі қырауда жарықсыз қалуда.

қалмапты. Арқадағы Ақордаға дейін шағымданып, өркениеттің көшіне ілесе алмай қараңғы үйде, пілте шаммен отырған тұрғындар «Владимир Ильич Лениннің жарығына жарымадық» деп жылайды.

ТӨТЕНШЕ

## ҚАМДАНҒАН ҚАПЫ ҚАЛМАЙДЫ

Жалғасы. Басы 1-бетте.

Биыл да, таулы өңірлерге қар қалың түсті, қыстың көзі қырауда жауын-шашынға ұласып, ақ қар көк мұзға айналды. Тоңның қалдындығы былтырғы деңгейден кем емес. Сондықтан, «қамданған қапы қалмайтынын ескертеміз» – дейді төтеншеліктер.

Тосын жағдайларға дайындық мәселесін тілге тиек еткен төтеншеліктер биылғы су тасу кезеңіне Жетісу өңірі бойынша әзірленген жоспарға сәйкес ауа райы мен қауіпті деген аймақтар тұрақты бақылауда екенін айтуда. Мәселен, су тасқын қауіпті жағдайдың бағалау мақсатында 96 гидрост қойылыпты. Оның 65-і «Қазгидромет» және 31-і «Қазселденқорғауға» бағытталған.

Су тасқыны жағдайы шиеленіскен жағдайға жалпы саны 3553 адам мен 969 бірлік техникасы, 30 жүзу құралдары және 155 бірлік мотопомпадан тұратын облыстың азаматтық қорғау мен жергілікті атқарушы



орган қызметтерінің күштері мен құралдарының топтары құрылғанын айтуда. Сондай-ақ, қажетті ақпаратты халыққа бір мезетте жеткізу үшін, облыс және аудандар орталықтарында теле-радиохабар тарату (эфирлі және кабельді) арналарын ұстау мүмкіндігі бар. Алматы облысы Төтенше жағдайлар департаменті жедел-кезекші қызметтері ұялы операторлар арқылы мәтіндік SMS-хабарламаларды таратуды

жүзеге асыратын болады» – деген Төтенше жағдайлар департаменті, халықты су тасқыны кезіндегі іс-әрекеттерге үйрету және ақпараттандыру жүргізіліп жатқанын хабардар етті.

Бүгінгі күнде облыс бойынша су тасқыны жағдайы тұрақты және күнделікті бақылауда болғанымен, «Құдай да сақтанғанды, сақтаймын» деген ғой. Құдай, жамандықтың бетін аулақ қылсын. Әйтсе де, көктем келіп, күн көзі

жылынғанда жылда әбігерге түсетін жергілікті билік өкілдері қазірден қ а м - қ а р е к е т жасауы тиіс. Себеб, табиғат апатын қанша жерден бақылауда ұстап тұрмыз дегенімен, кез келген жерден бұрқ ете қалуы мүмкін.

Сонымен бірге облыс тұрғындары да қар суын болдырмау үшін аула-ларындағы арық тоғандардың

су өткізу құбырларын қар мен қоқыстан уақытылы тазалап тұруы тиіс. Әйткені қауіптің басы осында тұр.

аумақтың қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында қар көшкіңдері болатын өңірлерде 24 ақпараттық ескерту щиттары (Еңбекшіқазақта – 7, Сарқанда – 2, Текелі қаласында – 7, Талғарда – 7, Жамбылда – 1) орнатылған. Бұл бағытта да халықты ақпаратпен құлақтандыруда 1500-ге жуық брошюралар мен жаднамалар таратылған.

Қар көшкіні орын алған жағдайда қарлы беткейде қайғылы оқиғалардың алдын алуға Төтенше жағдайлар департаменті қызметкерлері «Қазселденқорғау» ММ қызметкерлерімен бірлесіп таулы аймақтарда орналасқан демалыс орындарында, шаруашылық жүргізуші субъектілеріне, тұрғындарға 600-ге жуық ескерту парақшаларын таратыпты. Өзірлік жұмыстарын нығырлай түсу мақсатында жергілікті атқарушы органдар және басқа да мүдделі ведомстволар мен ұйымдарының бірлескен іс-қимылдарын барлауда. Жыл басынан облыс аумағында өздігінен түскен 1 қар көшкіні тіркелгенін, жалпы түскен қардың көлемі 105 м<sup>3</sup> құрайтынын

# БАЛА

# ЖАНЫНЫҢ

# БАҒБАНЫ

*Туран қала тарихындағы сан түрлі салт пен санаға, әдет пен ғұрыпқа таңдай қағып тамсанған поляк А. Янушкевичтің «Қазақтың кішкентай ғана 3-4 жасар баласының тілі жаптық, ал 5-6 жастағы балалар үлкен адам секілді шешен әрі тауып сөйлейді, ойын ұтымды жеткізе біледі», – деп естелік айтқаны бар. Сырт көз сыншы екені ақиқат. Шаным таразысына салып көрсек, революционердің осы пікірі тегін айтылмапты.*

*Қазақ халқының болмыс-бітімі мен менталитетіне үңіле білгендігінен тұжырымдаған. Ал осы өскін ұрпақтың шебер әрі шешен сөйлеуінің сыры кәдімгі бесік жырында.*

*Осыдан кейін жаңа заман ұрпағымен тағы да салыстырамыз келіп. Шыр етіп дүние есігін ашқан сәбидің тілі шығып, қаз-қаз басқанға дейінгі тәрбиелеуші құралы не? Қандай құндылықты бойына сіңіріп өседі?*

Қазақтың «Сүтпен біткен сүйекпен кетеді» деген әдемі сөзі бар. Сүтпен бірге жаман қылық па, жақсы әдет пе, әйтеуір, бір болжаусыз қасиет балаға даритыны анық. Ананың ақ сүті – қорек қана емес, баланың тәрбиелік иммунитеті. «Титімдей сәби не түсініп, нені аңғара қояр дейсіз?» деген жаңсақ пікірді көптеген жас аналардың аузынан естиміз. Һәкім Абайды дәретсіз емізбеген Ұлжан анамыздың даналығын аңсайсыз осындайда.

Бесік жырының құдіретті сөз күші мен әсем де баяу әуезін бойына сіңірген бала психологиясы байсалды әрі тұрақты болатындығын ғылым дәлелдеген. Айта берсек, қазақта сүт пен сүйекті байланыстыратын мәйекті сөз көп-ақ. Мәселен, «Сөз сүйектен өтеді, таяқ еттен өтеді» деген мақалды білеміз. Өмірге келген сәбиге қандай сипатта сөз айтсаңыз, ол сүйегімен – бүтін түйсігімен, санасымен соны сіңіріп өседі деген тұжырым жасауға болады. Баланы өмірге әкеліп, оны тәрбиелемес бұрын жас келін алдымен өзінің жан тазалығын ретке келтіріп алса керекті. Бағбаншының бабы бақшаның «бағын» ашады емес пе? Ал, бала жанының бағбаны – ананың нәресте өміріндегі рөлін айтпаса да түсінікті.



**Жанар ОСПАНОВА, психоаналитик:**

– Барлығы ата-ананың өзіне байланысты. Егер ата-ана балаға телефонды беруден саналы түрде бас тартып, шектеу қойса бала міндетті түрде оның тілін алады. Қазіргі таңда ата-аналардың басым бөлігі күнкөріс қамымен жүріп, балаға көңіл бөлуге мұршасы болмай қалып жатады. Аптасына 1-2 рет болса да, уақыт тауып, бірге ойнап, қызығушылықтарын айқындау керек. Бұрынғыдай тапшылық жоқ, ойынның, бояудың, кітаптың түр-түрі бар. Бұл жерде баланы кінәлау орынсыз. Отбасы мүшелерінің барлығы телефондағы әлемнен алшақтай алмаса, баланың басқа амалы қайсы? Жалпы, мұндай жағдайлар бала мен әке-шеше арасындағы қарым-қатынастың ретсіздігінен туындайды. Баламен жылы байланыс орнату үшін, мектептен немесе балабақшадан келгенде мейірлене қарсы алып, әңгімеге тарту керек. Үшеуара сондай махаббат орнаса, баланың көңілін аударарлық планшет, смартфон, интернет деген сияқты кері ықпал беруші факторлар болмас еді.

Заманақырды төндіріп, қоғамды керітартпалыққа жетелеуден аулақпыз. Десе де, смартфон деген сымсыз желіге байланған буынның ұрпағы қандай болмақ? Соны ойлағанда бойыңызды еріксіз үрей билейді. «Жас шыбықты қысықтықтан араша етіп, зәулім көкке ұмтылған шынар ететін бағбанның күтімі емес пе?!» деген сұрақ көкейде кептеліп тұрады. Бесіктен бөлі шықпаған бөбегін өз қолымен өзге бір идеологияның тәрбиесіне табыс-

тап беретіндердің қатарында сіз де бар шығарсыз, бәлкім? Мазасыз-дана бастаған баланың бір сәттік тыныштығына бүтін бір ғұмырын айырбастап жіберетініміз жасырын емес. «Сен тыныш болшы...» деп телефонды ұстата саламыз келіп. Баланың қызығушылықтарын зерттеп, шығармашылық қырын ашуға, сана-сезіміне кері ықпалын тигізетін ақпараттан алшақ ұстауға шамамыз жетпейді емес, жетеді. Соны біле тұра, психологиясы мен таным-түсінігі қалыптаса қоймаған бүлдіршінді ашық майданға салып кеп жібереміз. Бұғанасы қатып, белін бекем буатын жасқа жеткен шақта тәрбиесіздік танытып қойса, «Менен басқасының бәрі кінәлі» деп, басымызды тауға да, тасқа да ұрамыз. Өкінішті, әрине.

Қалай десек те, бесік жыры тегімізге танып асыл мұра. Бөбегіңіз балпаңдай басып, жастықты алдыңызға тастай салып, «әлдилеші» деп келіп тұрғанын талай көрген шығарсыз? Мұндайда әсте, балаңыз ұйықтатуын өтініп тұрмаса керек. Қанына сіңген «Әлди» аңсап, жанына тыныштық пен рахат сыйлайтын әуенге сусап келіп тұрғаны болар...

Ата-бабамыз «Бесік жыры» арқылы бір дәуірдің боямалық тарихи картинасын сақтап қалды. «Ел болам десең, бесігінді түзе» деген өшпес өсиетнама қалдырды.

Байқап қарасаңыз, біздің бесік жырларымыздың өзге ұлттардың бесік жырларынан ерекшелігі сол – рух жыры басымы. Азамат болып ат жалын тартса, ел шетіне шығып жер қорғаса, қазақтай ұлы елдің атын

мәшһүр етсе деген арман-мұрат менмұндайды.

Бәлкі, ұлы Абайдың: «Туғанда дүние есігін ашады өлең, өлеңмен жер қойнына кірер денең» деген өлең жолдарының астарында адам ғұмырының сөзден тәрбиеленіп, сөзден мәуелейтіні тұспалданған ба еді, кім біліпті?

Тарихта өшпес қолтаңбасын қалдырып кеткен ғалым да, хакім де, ақын да бесіксіз өспепті.

**ТАҚЫРЫПКА ТҰЗДЫҚ**  
**Бесік баланы жын-періден, тылсым күштерден қорғайды деген наным бар. Жетісу мен Алтайдың бойын мекен еткен Айдархан атты бидің әкесі белгілі Мизам баба, қазақ даласына ағаш отырғызумен, орманды көбейтумен айналысқан дейді. Жылдар өткен соң Айдархан би үйленіп, тұңғышы өмірге келеді. Туыла салып сәби жылауын доғармайды. Оған ел ішіндегі дуалы емшілер де көмектесе алмайды. Бір күні сәби жылауын тоқтатады. Әкесі қуанып, жүгіре үйіне жетсе, оны ақ шапан киген бір қария өрттен аман қалған сынық бұтақтарға жатқызып, тербетіп отырады. Айдархан би жақын келгенде, ақсақал ғайып болады. Артынша би оның орнында қалған ағаш бұтағымен қазіргі «бесік» деп айтылып жүрген бұйымды жасайды.**

Д.ӘМІР.

## «ҚАМҚОРЛЫҚ» АКЦИЯСЫ ӨТУДЕ



**АЛМАТЫ ҚАЛАЛЫҚ БІЛІМ БАСҚАРМАСЫНА БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІНІҢ НҰСҚАУЫМЕН АУДАНДЫҚ БІЛІМ БӨЛІМДЕРІНЕ ҚАЙЫРЫМДЫЛЫҚ АКЦИЯЛАРЫН ЖҮРГІЗУ ЖӘНЕ ОНЫҢ ЖҰМЫСТАРЫН ҰЙЫМДАСТЫРУ ТУРАЛЫ ТАПСЫРМА БЕРІЛГЕН БОЛАТЫН. ДӘСТҮРЛІ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ «ҚАМҚОРЛЫҚ» АКЦИЯСЫН ӨТКІЗУ, СОНЫҢ ІШІНДЕ ӨЛЕУМЕТТІК ҚОРҒАЛМАҒАН ОТБАСЫНАН ШЫҚҚАН ОҚУШЫЛАРДЫ ҚОЛДАУҒА БАҒЫТТАЛҒАН БІРҚАТАР ІС-ШАРАЛАРДЫ АТҚАРУ ҰСЫНЫЛДЫ. НӘТИЖЕСІНДЕ, А. ЯССАУИ АТЫНДАҒЫ №123 МЕКТЕП-ГИМНАЗИЯСЫНЫҢ 127 ОҚУШЫСЫНА МАТЕРИАЛДЫҚ КӨМЕК БЕРІЛІП, СЫЙЛЫҚТАР ТАБЫС ЕТІЛДІ.**

қорғалмаған отбасынан шыққан 127 бала анықталды. Көмекке мұқтаж балалардың өлеуметтік жағдайы меценаттарымызды бейжай қалдырмағандығы қуантады. Атап айтсақ, «Ақсай нан» ЖШС аталған балаларға қол ұшын созып, үлкен көмек көрсетті. Осындайда қытай ғұламасы Конфуцийдің мына бір ойы еске түседі: «Адамгершілігі барлар, басқаларға тірек болады, осыны өздері де қалайды, басқаларға жетістікке жетуге көмектеседі, өзі де сол жетістікке жетуді қалайды» – дейді.

«Ақсай нан» ЖШС-нің бас директоры З.Барлықбаеваға алғысымыз шексіз. Қоғамдық шараларға белсене араласып, өскелең ұрпақтың болашағы үшін алаңдап, бар көмегін аямағаны үшін ризашылық білдіреміз», – дейді мектеп директоры Бағила Әшімбаева.

Әлбетте, бұл балалардың игілігі үшін жасалған қайырымдылық шараларының алғашқысы әрі соңғысы емес. Еліміздің табиғи ресурстарын былай қойғанда, бар байлығы адам капиталы – балалар десек қателеспеген болар едік. Мейірімге мұқтаж жандарға қамқорлық таныта отырып, жас ұрпақтың бойына адамгершілік, ізгілік, қамқорлық, қайырымдылық сияқты асыл қасиеттерді дарытуды көздеп отырмыз. Сол себепті, акция аясында көмек көрсету үшін демеушілерді, мемлекеттік құрылымдарды, кәсіпорындарды тарту жұмыстары жалғасуда.

Шырын ТҰРҒАН,  
А. ЯССАУИ АТЫНДАҒЫ  
№123 мектеп-гимназиясының  
қазақ тілі және әдебиеті пәні мұғалімі

## Дүйсенбі - Понедельник, 4 ақпан

### ҚАЗАҚСТАН

06.05 «SENBIKLIK TAN»  
07.00 «TANSHOLPAN»  
09.00, 13.00, 17.00, 20.00,  
00.15 Ақпарат  
10.00, 02.45 «НІТ  
QAZAQSTAN»  
10.50 «РОБОТКӨЛІК ПОЛИ».  
м/х  
11.05 «Апта»  
12.10, 21.50 Т/х «Шырағым»  
13.15, 02.15  
«Ұлтмақтанышы». д/ф  
13.40, 19.15 Т/х «Іздедім сені»  
14.25, 18.45 «KONIL  
TOLQYNY»  
15.20 Т/х «Айман-Шолпан»  
17.30 «MENIN  
QAZAQSTANYM»  
18.05 «BALANYN KONILI»  
д/ф  
18.20 «ARNAIY JOBA»  
20.55 «QAREKET»  
22.45 Т/х «Әйелтағдыры»  
23.40, 03.35 «TYNGI  
STUDIO»  
01.15 Т/х «Қалампыр»  
01.50 Т/х «Достар»

### ХАБАР

06.02 «Әсем әуен»  
07.00 М/с «Расти-механик»  
07.30, 08.10, 09.10  
«Таңғыхабар»  
08.00, 12.00 Жаңалықтар  
09.00, 13.00 Новости  
10.00, 19.15 Т/х  
«Тракторшының махаббаты»  
10.40 «Журналисттік зерттеу»  
11.00 Д/с «Спасатели»  
11.30 Интеллектуальное шоу  
«ZERDE»  
12.10 «Алтын бесік»  
12.40 «Қайсар жандар»  
13.10 Т/с «Хорошие руки»  
15.00 Ток-шоу «Давайте  
говорить»  
15.50 Т/х «Тағы да сүй»  
16.35, 01.45  
«Менің тағдырым»  
17.10 «Біртуынды тарихы»  
циклінен деректі фильм  
17.40 «Bilim»  
18.15 Т/х «Көне Жетігеннің  
сыры»  
18.45, 00.15 Т/х «Келінжан»  
20.00, 01.15 Қорытынды  
жаңалықтар  
20.30 «Online»  
21.00 Итоги дня  
21.30 Т/с «Большая малень-  
кая ложь»  
22.30 Т/с «Отверженные»  
23.30 Премьера!  
National Geographic  
представляет: «Начало»  
00.45 «Бетпе-бет»

### АСТАНА

06.00, 03.20 «KazNet»  
07.00, 09.00 М/ф «Маша и  
медведь»  
08.00 «Біздің ақыт»  
10.00, 22.00 Т/х «Абысын-  
дар»  
11.00, 18.00 «№309» Т/х  
12.00 «Ел аузында»  
13.00 «Жүрек сыры» Т/х  
14.00 Күндізгі жаңалықтар  
14.15 «Избранное за не-  
делю»  
15.00 Т/с «Идеальная жерт-  
ва»  
16.00 М/ф «Щенячий па-  
труль»  
17.00, 21.00 Т/х «Таңдауым  
сен»  
20.00, 02.00 Жаңалықтар  
20.30, 02.30 Новости «20:30»  
23.00 Т/х «Келін бақыты»  
00.00 «Қош келдіңіз» жобасы  
00.40 Т/х «Ұрланған тағдыр»  
03.00 Бірегей. Досхан  
Жолжақсынов  
03.40 «Қалжың қоржын»

### ЕВРАЗИЯ

06.00 Т/х «20 минут»  
06.40, 04.25 «Той заказ»  
07.10 «Тамада battle»  
08.00 Телеканал «Доброе  
утро»  
11.00 «Дом образцового со-  
держания»  
12.00 «Қалаулым»  
15.00 «На самом деле»  
15.55 «Ланцет»  
16.55 «Пусть говорят»  
18.00, 03.45 Басты

жаңалықтар  
18.45, 02.50 «Пендеміз ғой»  
20.00 «ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ»  
20.45, 23.25 Т/с «Улицы раз-  
битых фонарей-15»  
22.35, 02.15 «П@УТИНА»  
00.25 Ночной кинотеатр.  
«Безопасность»

### КТК

07.05 Т/с «Дау-дамайсыз»  
07.30 Т/х «Қайсар жесір»  
08.00 Т/х «Тағдыр қосқан  
асыл жар»  
09.00 «Большие новости»  
10.00 Х/ф «Женский доктор»  
11.40 «Любовь на прокат»  
13.40 «Проявление»  
15.00 «Кел, келінім»  
18.00 «Сағыныш» өзбек Т/х  
19.30 Кешкі жаңалықтар  
20.00 «Астарлы ақиқат» ток-  
шоу  
21.00 Вечерние новости  
21.40 «Преступление» Т/с  
23.20 «Новый муж»  
01.10 «Министерство прав-  
ды»  
02.00 Т/х «Күнәһар махаббат»  
03.10-04.20 «Сағыныш»  
өзбек Т/х

### ЖЕТИСҮ

07.05 Өн әлемі  
07.30 «Таңжарық»  
09.00 Апта (қаз)  
09.50 Өн әлемі  
10.00 Апта (рус)  
10.50 Спорт тайм  
11.15 Полиция қызметі  
11.50 Өн әлемі  
12.00 Зерде  
13.00 Білек пен жүрек  
13.45 Organic Life  
14.00 Д/ф «Живые сакрови-  
ща»  
14.30 Концерт «Бақыттымын»  
16.45 Ем болсын  
17.00 Жаңалықтар  
17.20 Новости  
17.35 Organic Life  
18.00 Шашу  
19.00 Әкім сағаты Тікелей  
эфир  
20.00 Бай қуатты болайық  
20.30 Жаңалықтар  
21.00 Туржорық  
21.30 Новости  
22.00 Ғибратты қазына  
23.00 Жаңалықтар  
23.30 Новости

### 31 КАНАЛ

06.00, 14.00, 23.00 Алда-  
распан, Нысана, Шаншар  
әзілдері  
07.00, 20.00 «ИНФОРМБЮ-  
РО»  
08.00, 12.00 Т/с «Жігіттер»  
10.00, 00.00 «Whatsup?»  
10.30 Х/ф «Снежная короле-  
ва-2»  
14.40 Х/ф «Экипаж»  
17.30 Т/с «Воронины»  
18.00 Т/с «Сваты»  
21.00 Т/с «Махаббатым,  
кешмені»  
01.00 Қазақша концерт

### 7 КАНАЛ

06.00 Т/х «Қыздар арасында»  
06.30, 13.00 Т/х «Контецца»  
07.20, 20.05, 21.05, 03.00 Т/х  
«Элиф»  
09.00 М/ф «Маленький  
принц»  
11.00, 00.00 «Юрмала»  
14.00 «Япырай»  
15.00, 04.30 Ток-шоу  
«Өзойым»  
16.40 Х/ф «Брюс Ли: Рожде-  
ние Дракона»  
18.40 Скetchком «Q-елі»  
19.00 Т/х «Тақиясыз періште»  
21.00 Лоторея 777  
22.00 Т/с «Между нами де-  
вочками»  
02.00 «Айнаонлайн»

Разработан и передан в экологическую экспертизу  
рабочий проект с разделом ОВОС по объекту: «Строи-  
тельство инженерно-коммуникационных сетей под ИЖС  
в г. Жаркент. 2-очередь (2 резервуар, 2 скважина, водона-  
порная башня, сети связи) Панфиловского района Алма-  
тинской области»

Всем заинтересованным лицам обращаться по теле-  
фону 8 (7282) 24-32-68

ТОО «Талдықорган Геодезия Кварц»

## Сейсенбі - Вторник, 5 ақпан

### ҚАЗАҚСТАН

06.05 Концерт  
07.00 «TANSHOLPAN»  
09.00, 13.00, 17.00, 20.00,  
00.15 Ақпарат  
10.00, 02.45 «НІТ  
QAZAQSTAN»  
10.50 «РОБОТКӨЛІК  
ПОЛИ». М/х  
11.25, 17.50 «Qyzyqeken...»  
12.10, 21.50 Т/х «Шырағым»  
13.15, 02.20  
«Ұлтмақтанышы». д/ф  
13.40, 19.15 Т/х «Іздедім  
сені»  
14.25, 22.45 Т/х «Әйел  
тағдыры»  
15.20 Т/х «Айман-Шолпан»  
17.15, 01.05 ELDEN HABAR  
17.30 «Janjylyu»  
18.35 «Koniltolqyny»  
20.55 «QAREKET»  
23.40, 03.35 «TYNGI  
STUDIO»  
01.15 Т/х «Қалампыр»  
01.55 Т/х «Достар»

### ХАБАР

06.02 «Әсем әуен»  
07.00 М/с «Расти-механик»  
07.30, 08.10, 09.10 «Таңғы  
хабар»  
08.00, 12.00 Жаңалықтар  
09.00, 13.00 Новости  
10.00, 19.15 Т/х  
«Тракторшының махабба-  
ты»  
10.45, 21.30 «Большая ма-  
ленькая ложь»  
12.10 «Сана»  
12.40, 01.15 «Қайсар жан-  
дар»  
13.10 Т/с «Хорошие руки»  
15.00 Ток-шоу «Давайте  
говорить»  
15.50 Т/х «Тағы да сүй»  
16.35, 00.45 «Менің  
тағдырым»  
17.15 Тұсаукесер! «Ұлы  
дала өркениеті»  
18.00 «Народный контроль»  
18.15 Т/х «Көне Жетігеннің  
сыры»  
18.45, 23.15 Т/х «Келінжан»  
20.00, 23.45,  
01.30 Қорытынды  
жаңалықтар  
20.30 «Online»  
21.00 Итоги дня  
22.30 Т/с «Хороший доктор»  
00.15 «Алтын бесік»

### АСТАНА

06.00, 20.00, 01.30  
Жаңалықтар  
06.30, 20.30, 02.00 Ново-  
сти «20:30»  
07.00 «Қош келдіңіз!» жо-  
басы  
08.00 М/ф «Маша и мед-  
ведь»  
10.00, 22.00 Т/х «Абысын-  
дар»  
11.00, 18.00 «№309» т/х  
13.00 «Жүрек сыры» Т/х  
14.00 Күндізгі жаңалықтар  
14.15 «Ғажайып Қазақстан»  
д/ф  
14.30 «Той жыры» Жүрсін  
Ерман  
15.00 Т/с «Идеальная  
жертва»  
16.00 М/ф «Щенячий па-  
труль»  
17.00, 21.00 Т/х «Таңдауым  
сен»  
23.00 Т/х «Келін бақыты»  
00.00 Т/х «Ұрланған тағдыр»  
02.30 Бірегей. Секен  
Тұрысбеков  
03.00 «KazNet» ғаламторға  
шолу  
03.30 «Қалжың қоржын»

### ЕВРАЗИЯ

06.00 Т/х «20 минут»  
06.40, 04.25 «Той заказ»  
07.10 «Басты жаңалықтар»  
08.00 «Доброе утро»  
11.00 «Дом образцового со-  
держания»

12.00 «Қалаулым»  
15.00 «На самом деле»  
15.55 «Ланцет»  
16.55 «Пусть говорят»  
18.00, 03.45 Басты  
жаңалықтар  
18.45, 02.50 «Кеш  
қалмайық»  
20.00 «ГЛАВНЫЕ НОВО-  
СТИ»  
20.45, 23.25 Т/с «Улицы раз-  
битых фонарей-15»  
22.35, 02.15 «П@УТИНА»  
00.25 Ночной кинотеатр.  
«Безопасность»  
04.25 «Той Заказ»

### КТК

07.05 Кешкі Жаңалықтар  
(қайталау)  
07.30 Т/х «Қайсар жесір»  
08.00 Т/х «Тағдыр қосқан  
асыл жар»  
09.40 Х/ф «Женский док-  
тор»  
10.40, 23.20 «Новый Муж»  
12.30 Новости  
13.10, 21.40 «Преступление»  
Т/с  
15.00 «Кел, келінім»  
18.00 «Сағыныш» Т/х  
19.30 Кешкі жаңалықтар  
20.00 «Астарлы ақиқат»  
ток-шоу  
21.00 Вечерние новости  
01.10 «Министерство прав-  
ды»  
02.00 Т/х «Күнәһар махаб-  
бат»  
03.10-04.20 «Сағыныш» Т/х

### ЖЕТИСҮ

07.05 Өн әлемі.  
07.30 «Таңжарық»  
09.00 Жаңалықтар  
09.30 Новости  
10.00 Өн әлемі  
10.10 Ем болсын  
10.30 Бай қуатты болайық  
11.00 Д/ф «Күй қағаны»  
11.35 Д/ф «Животные –  
лекари»  
12.00 Шашу  
13.00 Қазақ әні  
13.45 Organic Life  
14.00 Туржорық,  
14.25 Опера әншілерінің  
концерті  
16.15 Ұлылық ұясы  
16.45 Ем болсын  
17.00 Жаңалықтар  
17.20 Новости  
17.35 Organic Life  
18.00 Шашу  
19.00 Тұжырым  
19.30 «Оқырман» әдеби  
клубы  
20.15 Бала базар  
20.30 Жаңалықтар  
21.00 Тарих парақтары  
21.30 Новости  
22.00 Концерт «Ғасырлар  
пернесі»  
23.00 Жаңалықтар  
23.30 Новости

### 31 КАНАЛ

06.00, 14.00, 23.00 Алда-  
распан, Нысана, Шаншар  
07.00, 20.00 «ИНФОРМБЮ-  
РО»  
08.00, 12.00 Т/с «Жігіттер»  
10.00, 11.30, 16.00 Т/с «Во-  
ронины»  
15.00 «Уральские пельме-  
ни»  
18.00, 19.00 Т/с «Сваты»  
21.00 Т/с «Махаббатым,  
кешмені»  
00.00 «What's Up?»  
01.00 Қазақша концерт

### 7 КАНАЛ

06.00 Т/х «Қыздар арасын-  
да»  
06.30, 13.00 Т/х «Контецца»  
07.20, 20.05, 21.05, 03.00 Т/х  
«Элиф»  
09.00 Т/с «Все вернется»  
10.00 Т/с «Дудочка Крысо-  
лова»  
11.00, 00.00 «Удивительные  
люди»  
14.00, 19.00 Т/х «Тақиясыз  
періште»  
15.00, 04.30 Ток-шоу  
«Өзойым»  
16.40, 22.00 Т/с «Между  
нами девочками»  
18.40 Скetchком «Q-елі»  
21.00 Лоторея 777  
02.00 «Айнаонлайн»

## Сәрсенбі - Среда, 6 ақпан

### ҚАЗАҚСТАН

06.05 Концерт  
07.00 «TANSHOLPAN»  
09.00, 13.00, 17.00, 20.00,  
00.15 «AQPARAT»  
10.00, 02.50 «НІТ  
QAZAQSTAN»  
10.50 «Роботкөлік Поли»  
11.25, 17.50 «QYZYQ EKEN»  
12.10, 21.50 Т/х «Шырағым»  
13.15, 02.20 «Ұлт  
мақтанышы»  
13.40, 19.15 Т/х «Іздедім  
сені»  
14.25, 22.45 Т/х «Әйел  
тағдыры»  
15.20 Т/х «Айман-Шолпан»  
17.15, 01.05 ELDEN HABAR  
17.30 «AQSAYYT»  
18.35 «KONIL TOLQYNY»  
20.55 «QAREKET»  
23.40, 03.40 «TYNGI  
STUDIO»  
01.15 Т/х «Қалампыр»  
01.55 Т/х «Достар»

### ХАБАР

06.02 «Әсем әуен»  
07.00 М/с «Расти-механик»  
07.30, 08.10, 09.10 «Таңғы  
хабар»  
08.00, 12.00 Жаңалықтар  
09.00, 13.00 Новости  
10.00, 19.15  
Т/х «Тракторшының махаб-  
баты»  
10.45, 21.30 «Большая мо-  
ленькая ложь»  
12.10 «Важно знать»  
12.35 «Қайсар жандар»  
13.10 Т/с « Долгий путь до-  
мой»  
15.00 Ток-шоу «Давайте  
говорить!»  
15.50 Т/х «Тағы да сүй»  
16.30 «Көрімдік»  
17.00, 01.00 «Менің  
тағдырым»  
17.30 «Өмір жолы»  
18.00 «Біздің назарда»  
18.15 Т/х «Сұрбойдақ»  
18.45, 23.15 Т/х «Келінжан»  
20.00, 00.30 Қорытынды  
жаңалықтар  
20.30 «Online»  
21.00 Итоги дня  
22.30 Т/с «Хороший доктор»  
23.45 «Ұлы дала өркениеті»  
01.30 «Сана»

### АСТАНА

06.00, 14.00, 20.00, 02.20  
Жаңалықтар  
06.30, 20.30, 02.50 Новости  
07.00, 00.00 «Қош келдіңіз»  
08.00, 16.00 М/ф  
10.00, 22.00 Т/х «Абысын-  
дар»  
11.00, 18.00 Түрік телехи-  
касы  
13.00 Т/х «Жүрек сыры»  
14.15 Мақпал мекені  
14.30 Біз біргеміз  
15.00 Т/с «Идеальная жерт-  
ва»  
17.00, 21.00 Т/х «Таңдауым  
сен»  
23.00 Т/х «Келін бақыты»  
00.50 «Ұрланған тағдыр»  
03.20 Бірегей  
03.50 KazNet

### ЕВРАЗИЯ

06.00 Т/х «20 минут»  
06.40, 04.25 «Той заказ»  
07.10, 18.00, 03.15 «Басты  
жаңалықтар»  
08.00 «ДОБРОЕ УТРО»  
11.00 Т/с «Дом образцового  
содержания»  
12.00 «Қалаулым»  
15.00 «На самом деле»  
15.55 «Ланцет»  
16.55 «Пусть говорят»  
18.45, 02.50 «Пендеміз ғой»  
20.00 «ГЛАВНЫЕ НОВО-

СТИ»  
20.45, 23.25 Т/с  
22.35, 02.15 «П@УТИНА»

### КТК

07.05 Кешкі жаңалықтар  
07.30 Т/х «Қайсар жесір»  
08.00 Т/х «ТАҒДЫР ҚОСҚАН  
АСЫЛ ЖАР»  
09.40 «Женский доктор»  
10.40 «Новый муж»  
12.30 НОВОСТИ  
13.10 «Преступление»  
15.00 «Кел, келінім»  
18.00, 03.20 Өзбек телехи-  
касы «Сағыныш»  
19.30 КЕШКІ ЖАҒАЛЫҚТАР  
20.00 «Астарлы ақиқат»  
21.00 ВЕЧЕРНИЕ НОВО-  
СТИ  
21.40 «Опасная любовь»  
23.30 «Золотце»  
01.30 «Министерство прав-  
ды»  
02.10 «Күнәһар махаббат»

### ЖЕТИСҮ

07.05 Өн әлемі.  
07.30 «Таңжарық»  
09.00 Жаңалықтар  
09.30 Новости  
10.00 Өн әлемі  
10.10 Ем болсын  
10.30 Тұжырым  
10.30 Д/ф «Под небом  
правды»  
12.00 Шашу  
13.00 Білек пен жүрек  
13.45 Organic Life  
14.00 «Оқырман» әдеби  
клубы  
14.50 Е.Қыстаубаевтың  
шығармашылық кеші  
16.45 Ем болсын  
17.00 Жаңалықтар  
17.20 Новости  
17.35 Organic Life  
18.00 Шашу  
19.00 Ұлт пен рух  
19.30 Құтты қонақ  
20.15 Net.laik  
20.30 Жаңалықтар  
21.00 Арнайы репортаж  
21.30 Новости  
22.00 «Гүлдер» ансамблінің  
концерті  
23.00 Жаңалықтар  
23.30 Новости

### 31 КАНАЛ

06.00, 14.00, 23.00 Алда-  
распан, Нысана, Шаншар  
әзілдері  
07.00, 20.00 Инфорбюро  
08.00, 12.00 Т/с «ЖІГІТТЕР»  
10.00, 16.00 Т/с «Воронины»  
15.00 «Уральские пельме-  
ни»  
18.00, 19.00 Т/с «Сваты»  
21.00 Х/ф Махаббатым кеш  
мені»  
00.00 Whats Up?  
01.00 Қазақша концерт

### 7 КАНАЛ

06.00 «Қыздар арасында»  
06.30, 13.00 Т/х «Контецца»  
07.20, 20.05, 21.05, 03.00 Т/х  
«Элиф»  
09.00 «Все вернется»  
10.00 Т/с «Дудочка Крысо-  
лова»  
11.00, 00.10 «Удивительные  
люди»  
14.00, 19.00 Т/х «Тақиясыз  
періште»  
15.00, 04.30 «Өз ойым»  
16.40 Т/с «Между нами  
девочками»  
18.50 Лоторея 6/49  
22.00 Т/с «Хозяйка»  
02.30 «Айнаонлайн»

## ТУҒАН ЖЕР

«Бір өлеңі – бір елдің мұрасындай» болған Мұқағали ақынның:

Төкаппар таулар жатқан жан-жағында,  
Барып қайт салқын самал малды ауылға.  
Бір жер бар «Қарасаз» деп аталатын,  
Көресің жолың түсіп барғаныңда.  
Көресің көк орманын, жылғаларын,  
Мөл-мөлдір қайнап шыққан тұнбаларын.  
Жылғаның жағасында бұзылған үй,  
Сен соған ей, жолаушы, бір қарағын, –

деп басталатын осы бір өлеңі біреулер үшін туған жерін сағынған ақынның жай ғана жүрек тебіренісі болар, бірақ сол Ескі Қарасазды көзімен көріп, сонда тірлік кешкен әрбір адам үшін бұл өлеңнің мағынасы өте терең әрі ыстық. Мұқағали ақынның балалық, жастық шағы, яғни өмірінің үштен екі бөлігі осы Ескі Қарасаз ауылында өткен. Ақынның туған жер, табиғат, жастық шақ, махаббат тақырыбына

*Мен туған жер Қарасаз баурайдағы,  
Жалғанда жер біткеннің балқаймағы.  
Есім кетіп жүргенде ес білдірген,  
Жаралған жұлдызым ғой маңдайдағы.  
Мұқағали Мақатаев*



# ҚАЙРАН, АРАСАЗЫМ-АЙ!

Орны менің үйімнің,  
Қанып ем талай айранға,  
Қолынан әжем Тиынның.  
Орны қайда үйімнің, – демеуші ме еді?!

Сол кездерде біз бала болсақ та, арада жарты ғасыр уақыт өтіп зейнетке шықсақ та, балалық бал дәуренім өткен Ескі Қарасаздың сол кездегі суреті жадымда жатталып, көз алдымда сақталып қалыпты. Ақын ағамыз Алматыда тұрғанда жол қатынасының қиындығына қарамастан ауылға жиі келуші еді. Тіпті кейде көлік болмай Сарыжаздан Қарасазға дейінгі 25 шақырым жолды жаяу жүрген кездері де болған. Бұл ақынның туған жерге деген перзенттік махаббаты мен елге деген сағынышы болса керек. Ақын «Туған жерім» деген өлеңінде:

Әне тұр менің туған жаман тамым,  
Сол тамда көргем тұңғыш өмір шамым.  
Есігім өмірімнің сонда ашып,

Иңгәлап мен де өмірге ұмтылғамын, – деп осы бір қасиетті мекендегі әкесі салып берген өзінің қоржын там ескі үйін сағынышпен есіне алады.

Жиегінде өзеннің ол тұрады,  
Қарасам көзді жасқа толтырады.  
Қымбат маған көзімнің қарасындай,  
Ол тамның әрбір түйір топырағы, – деуі

де сондықтан. Бұл үйге ақын дүние жиған жоқ, өміріне рухани азық болар кітаптар жинады. Мұқағали ақынның сол бір қоржын там үйінің шағын макеті ақын мұражайында тұр. Бірақ, біз бір мұражаймен ғана шектеліп қалмай, ақынның бұрын тұрған, жүрген тіптен балық аулап серуен құрып шабытына шабыт қосқан Ескі Қарасаздың тұмса табиғатымен де таныстыруды қолға алуымыз керек. Ақынның 90 жылдық мерей-тойы да иек астында тұр. Ол тойға да

## Өлең-ғұмыр

*Хантәңірінің, мұзбалағы Мұқағали Мақатаев тұрғандай сезіледі.*

# ПОЭЗИЯ ПАТШАСЫ

Мұқағали ақынның шығармаларын оқыған сайын басқа әлемге, сезімге толы патшалыққа тап болғандай күй кешемін. Оның поэтикалық мінсіз үйлесіммен жазатыны сондай, кейде ақынның өзіміз сияқты жаратылыс иесі екенін естен шығарып аламын. Әсіресе, өз өмірінен алынған «Неңді сенің аңсаймын, бала шағым?», «Жоқ, дәрігер», «Шыда, шыда...» сынды туындыларынан адамдықтың лебі сезіліп тұрады.

Ішкі сезімі ақ қағазға ақтарылған ақын өлеңдерін оқығанда өзің үшін мүлде таңсық сұрақтарға кезігіп, терең ойға шомып кетесің. Оның әр өлеңінде, әр шумағында бүкпелсіз, ақжарқын көңілмен сазды сыр төгіліп тұрғандай. Өлеңге өз жан дүниесін ашты, өлеңнің сырлы құпияларын жария етті. Өлеңнің ырғағынан да, тербелісінен де ақынның қимылын, дауысын, мәнерін естіп, мінез-құлқын танымын. Бұл да – оның қапысыз шеберлігінің, поэзия патшасы екенінің дәлелі.

«Ғасыр ақыны» атанған М. Мақатаев көзі тірісінде лайық бағасын ала алмаса да, кейінгі толқын оны қадірлеп, мәртебесін асқақтатып жүрміз. Әлі талай өзен тасып, ғасыр өтер. Бірақ ең бастысы – аяусыз тағдырда аяулы сезіммен жырлаған ақын-жазушыларымыздың жарқын естеліктерін жаһанға танытып жүруге міндеттіміз.

Айым САРҚЫТБАЕВА,  
І. Жансүгіров атындағы ЖМУ-дің 4-курс білімгері.

ескен Рязань облысындағы Константиново селосын мемлекет қарауына алып, қорық мұражайын ұйымдастырған.

Қарасазым!  
Айтылмаған сезім ең,  
Мен іздеген бақыттың сен өзі ме ең,  
Сенің ғажап табиғатыңды кімге айтам,  
Кім құмартса өзі көрсін көзімен, – деп

ақын тым алысты болжаған. Туған жеріне деген сөз жеткісіз шексіз махаббатын осы бір шумақ өлеңге сыйғызып, бізге аманат етіп қалдырыпты. Қазақстанның қай түкпіріне барсаң да ақын өлеңдері қарсы алады. Алыс-жақын шетел тілдеріне аударылып басылу-да, тіптен мұхит асып Америка жұртымен де қауышты. «Отан отбасынан басталады» демекші, егер ақын өзінің шағын ауылы мен оның табиғатын жан-жүрегінен өткізіп сүйе алмаса бүкіл қазақ даласын құшағына сыйғыза жазған «Алтай – Атырау» поэмасын жазбаған болар еді.

Мен бақыттымын бақытты жерде туылдым,  
Айналайын Қарасаз қасиетінен суыңның.  
Сенің әрбір бұлағың, менің әрбір қан тамырым емес пе,

Қасиетті тұрағым, – деп қайда жүрсе де кіндігі туған жерге байланған, Қарасазының әр бұлағын өзінің бойындағы қан тамырына балаған Мұқағалидай жүз жылда бір туатын ғасыр ақынының Ескі Қарасаздағы осынау бір там үйінің орнын тазалап, абаттандырып, көрнекті бір ескерткіш қойсақ, келешек ұрпақтар үшін, ақын рухын құрметтеуші халық үшін тіпті Қарасазға келетін қонақтар мен туристер үшін де игілікті бір іс-шара атқарған болар едік. Бұл аса бір қиын шаруа емес. Жыл өткен сайын ақынның көзін көрген үлкендердің де қатары сиреп барады. Осы орайда айтпағымыз аудан, ауыл әкімдері, халықаралық Мұқағали қоры, «Мұқағали» журналы, мұражай ұжымы мен ауыл азаматтары менің бұл ұсынысымды қолдайды және ортақ іске үлес қосады деп сенім артамын.

Мұқағали ақынның 1976 жылы өмірден өтер алдында аурухана төсегінде жатып Қарасазының көз тоймайтын сұлу табиғатын көз алдына елестетіп жазған аңсау мен сағынышқа толы «Қайран, Қарасазым-ай» өлеңі әнге айналып Қазақ елінің аспанында қалықтап жүр...



Елеусіз АХМЕТКЕРІМҰЛЫ,  
ҚР Журналистер одағының мүшесі.

*Көркем әдебиет маған тәңірдің таңдайынан төгілген, қайталанбас шеберлікпен жазылған туындылар үйлесім тапқан патшалық сияқты елестейді.*

*Ал, патшалықтың басында ақмық ақын,*



## Басы өткен санда.

Осымен тоқтаусыз ішілген шай, сағаттап айтылған әңгіме бір сәтке толастағандай болды. Сәлден соң дастарқан шеті түріліп, Сағидолла үй иелерімен бірге бой жазып, сыртқа шықты. Айнала у-шу, абыр-сабыр. Көшпенді ел мал және көлік қамымен өбігер. Шексіз де шетсіз аспан әлемін қызыл күрең нұрға малып тағы бір күн тау асып, тағы бір кеш кіріп келеді. Елмен қатар ат-көлігін бекітіп, мал түлігін түгендеген Қабылжан отбасындағы үлкен-кіші ымырт үйіріле қара қосқа қайта жайғасты. Осыдан өлгіндегі шаруа қамымен үзіліп қалған әңгіме ел жатарға дейін еш толастаған жоқ. Олар бірде жер жүзіне тарыдай шашырап кеткен иісі қазақ баласының басындағы нәубет жайында сөз қозғаса, енді бірде жұмыр басты пенделердің күні үшін күлік жеп, бір-біріне жасап жатқан қиянаты туралы ашына айтады. Өр айтылымның түп төркіні бір. Бір ғана төңкеріс төңірегінен туындаған әңгіме алыс-жақынды, ата тарихты, бәрі-бәрін де шарпыды. Дегенмен алма-кезек сөз алғандар әңгіме бағытын басқа арнаға бұрып, болып жатқан сұмдық жайды бір сәтке болса да ұмытқысы-ақ келеді. Бірақ, түсіп алған бір сұрлеуден ешкім шыға алар емес. Арқандаулы атша айналып сол шиырға соға берді. Осылайша қараңғы түн, қара қоста ұзақ отырып сыр бөліскен Сағидоллалар уақыттың біраз жерге барып қалғанын енді байқағандай. Биғатым ширақ қимылдап, қостың әр бұрышында қонақтаған көгершіндей көздерін ашып-жұмып, қалғып-шұлығып отырған балаларын қозғап, өзі қазан-ошаққа қарай беттеді. «Жезденің жақсысы екедей», Сағидолланың бұл өлкедегі ең жақын деген арқасүйер жанашырларының бірі де осы Қабылжан мен Биғатым. Алғашында ол апайы мен жездесіне бар шындықты жайып салып, қалып бара жатқан бала-шағасын, жанұясына қамқор бола жүруді тапсырғысы келген. Бірақ, ойлай-ойлай келе, «әй, қой, бәрін дүрліктіріп қайтем? Менің осында болғанымнан не пайда? Онсызда жеті жыл ғұмырым итқорлықпен абақтыда өтпек. Тіпті қашпай қалсам да көптің бірі болып, белсенділер қолынан өліп кетуім мүмкін. Жабулы қазан жабулы күйінде қалсын. Жолым болып ата-жұртқа жетсем, Алланың маңдайыма жазғанын тағы көрмеймін бе? Бала-шағаны бір құдайға тапсырдым» деген.

Көп өтпей дастарқан жайылып, алдыға қойылған астау толы етке бата тіленді. Сағидолла үйде бөгде ешкім болмаған соң қонақ ретінде «ал, бәрін де түгел келіндер» деп бір үн қатты да:

«Әуелі Құдай оңдасын,  
Пайғамбарым қолдасын.  
Душпанымыз тұралап,  
Еш жамандық болмасын.

Арайлап атып ақ таң да,  
Күніміз күліп аспанда.  
Жаратқан Алла жар болып,  
Жолымыз болсын жортқанда.

Сүрінбесін нарымыз,  
Жана берсін бағымыз.  
Алдағы күнде бас аман,  
Қауышайық бәріміз, Аллаһу әкбар!» – деп күректей қос қолымен жүзін сипады. «Жақсы сөз – жарым ырыс», айтылған батаны үлкен-кіші тегіс қостап, «әумин» десіп, бет сипасты.

Алакеуім шамның жарығы. Қоралана отырып, жапырақтап туралған майлы етке қол салғандар арасында бір сәт үнсіздік орнады. Біреуге біреу қарар емес. Ауызға түскенін апыл-ғұпыл асап, қызыл өңештетіп жатыр. Басқаны қойшы, тапқанын тамағына қысылмай талғау етер еркіндікте ғой әйтеуір. Сағидолланы айтсаңды! Ол тұтқынға түскен жарты жылға жуық уақыттан бері осылай бір тойып ас ішкен емес. Оған әр жапырақ ет пен әр ұрттам шай да, сорпа да майша жағып барады. Маңдайынан бұрық ете түскен тер айғыздап ағып тұтас жүзін жуа берді. Сағидолланың мына бейнесіне қадала қараған Биғатым іштей «қайтсін-ай, қарғам! Жегені – таяқ, істегені – ауыр еңбек. Қарғыс атқыр түрмеде бұған кім не бере қояр дейсің? Әбден ашығып, аш өзегіне түсіп кетуге шақ қалыпты-ау өзі» деп ойлады. Оның үстіне Сағидолланың өң-әлпетінде әлі де қара қотырланып, толық жазыла қоймаған азапты күндердің айшықты белгісіндей айқыш-ұйқыш түскен соққының табы бар. Осының бірі Биғатымның жанын жаралап, жүрегің сыздата берді. Олар бұл дастарқан басында ұзақ отырған жоқ. Ас ішіліп, арғы жаққа ел қондырған соң-ақ жатып демалуға қамданды. Жатар алдында Биғатым қос бүйірі кампиған қызылала қоржынды босағаға таман қойып жатып «Сағидолла, мынау саған. Ішіне біраз шай-тұз, піскен ет пен нан салдым. Үйдің дәмі ғой. Ертең түрмеге барғанда ауқат етерсің. Ал, мына кеудешені қамсау қыл, қыркүйек айы да аяқталды, енді қазанның қара суығы бар. Байқасам, киген киімнің де тым жұқа көрінеді. Ертең біз бір қараңғы, бір жарықтан тұрып, көше жөнелеміз. Өзің біраз демалып ғана қайтам деп отырсың, кетерінде мына азықты ұмытпа. Қайда жүрсең аман жүр, амандықпен жолығайық» деп қоштасқан. Өйткені, Сағидолла төсек салар алдында оларға «менің мінгенім – көбең жылқы. Біраз

тынығып, демін алған соң өзім қалаған уақытта тұрып, кете беремін. Сіздер жол соғып әбден шаршаған боларсыздар. Маған қарайламай, алаңсыз жатып демала беріңіздер. Таңертең тағы да жол жүресіздер ғой» деп ескерткен.

Жатар алдында ол үйдегі үлкендермен тағы бір мәрте қоштасып, шеткері орынға киімшен барып қияса кеткен. Қонақ кетем деген соң, жарық та сөндірілген жоқ. Тек бақа ауыз керасин шамның білтесі түсіріліп, жарығы басылған. Үй іші ала көлеңке. Сағидолла көз ілер емес. Сананы шырмаған сан түрлі ой сан-саққа тартып әлек. Шартарапты қиялмен шарлап, шаңыраққа телміре қарап ұзақ жатты. Күні бойы жол соғып әбден діңкелеген үйдегі үлкен-кішісі жақтық бас қойысымен бірден қорылдап, ұйқыға кетті. Сағидолланың

асып, тура тартып келеді. Десе де, «сақтықта қорлық жоқ», Сағидолла ат басын бұрып, алдымен олардың кім екеніне көз жеткізіп алуға тырысты. Бұл жолмен кімдер жүрмеді дейсің? Жер жарықтық жаратылғаннан бері сансыз жүргінші жүріп, сан батыр қол бастап жорыққа аттанғаны анық. Бәлкім, ертемен Шәуешектің базарына бет алған мал саудагерлері шығар?

Лезде Сағидолланың санасын күдік, күмәнға толы әр түрлі ой бір шарпып өтті. Сөйтсе, олар тағы да сол үдере көшкен ел екен. Сағидолла қаусаған қарттың маңдайына түскен әжімдей тарам-тарам көш жолымен жақын келіп, жанай жүргендермен жай ғана сәлемдесіп өте берді. Олар үшін Сағидолла да таңырқай қарарлық жан емес. Сол баяғы қоржын-қолаңын бөктеріп, бейсауат жүрген көп жолаушының бірі де. Енді бұл көш күні бойы толастайтын емес. Біріншісі қыр асса екіншісі, екіншісі өтсе үшіншісі, тағысын тағы жалғаса

ашса айдаладағы ашық аспан астында жатыр. Ол алғашында дегбірі қашып, жаман састы. Орнынан ұшып тұрып, алдымен атын қойған аумаққа қарады. Бәрі де орнында секілді. Үрке қарайтын дөңеңе жоқ. Үсенкері жануар өзі бекіткен жерден көп ұзай қоймапты. Тескейдегі сары сірікті пырт-пырт жұлып, басын жерден алмастан пыр-пыр пысқырынып қояды. «Құдайым, сақтай ғер! Ұйқы да бір, өлім де бір-ау, тегі. Ұзақ жатып қалыппын. Уақыт та біразға барған екен, тездеп аттанайын. Бастысы атым аман, айналам тыныш болғанына шүкір» деп ойлады. Ол, көп бөгелген жоқ. Аз отырып ауқаттанып алды да, «бісіміллесін» айтып атқа қонды.

Сағидолланың қыра-қыраттардан асып сай өрлеп Тарбағатай тауына келіп кіргеніне де біраз болған. Жай күндердің өзінде басынан бұлт арыла қоймайтын мұнарлы тау бүгін де тым түнеріңкі көрінеді. Төбедегі бұлт



күткені де сол еді. Орнынан еппен қозғалып, аяғына жездесінің оң босағаға сүйеулі тұрған ұзын қонышты саптама етігін, үстіне ішігін киіп, қоржынын қолтықтап үйден шықты да, атына тағы соның ерін ерттеп мініп кете барды. Дегенмен, оның өз көздегені бар. Мұлт жіберер емес. Бәрін де өзі құрған жоспарға сай әрекет етумен келеді.

Таң алды. Дөңгелене туған айдың аппақ сәулесімен айнала айшықтала түскен. Енді жүрер жол, барар бағыт та айқын. Сағидолла жүре келе көз ұшында көлбеп жатқан заңғар да, зәулім Тарбағатай тауына қарай бет алды.

## II

Үсенкері жануар қамшы салдырар емес. Жұла тартып жүрген сайын арындай берді. Жол бойы Сағидолла өз жездесінен еш сұраусыз алып кеткен ат әбзелдері мен киім-кешектері үшін қынжылды. Ойлаған сайын екі беті дуылдап, өзін апайы мен жездесінің алдында кешірілмес күнәға батқан жаңдай сезіне берді. Бірақ, амал нешік? «Ер басына күн туса, етігімен су кешер», басқа емес, оған дәл қазір азуын айға білеген айдаһардың аранынан аман құтылудың өзі олжа. Егер басына бұл күн тумаса, әділетсіз қорлық көрмегенде, бала-шағасын, жанұясын тастап осылай босып кетер ме еді? Бәрін сырып қойып бұта-бүргенді паналаған торғайша тозып қайтсін? Сондықтан, не де болса беттің арын белбеуге түйіп, осылай істеуге мәжбүр.

Көп өтпей тамылжыған таң да атты. Жер әлем алтын күннің шүлен шұғыласына малынып, жан біткен тағы бір күндік тіршілік қамына кірісе бастаған. Осы кезде оған алыстан ұбырынды-шұбырынды бір топ көрінгендей болды. Сағидолла селт етіп, ат тізгінін тартып, қараң-құранға көз тоқтата бір қарап шықты. Бұлра кім болды екен өзі? Жүрістері де тым суыт. Қарсы алдымнан төніп келе жатқаны несі? Осы мен қуғыншылардың қоршауында қалып қойған жоқпын ба?

Жүрегі қобалжып, сасқалақтай берді. Қазірге олардың кім екенін парықтау қиын. Әйтеуір, ұбырынды-шұбырынды аттылар алдағы қыра-қыраттар мен бел-белестерден

бермек. Тіпті, бүгін де, ертең де одан өрі де осылай жөнкіле бермек. Қобалжыған көңіл сәл де болса орныққандай болды. Көш өз бағытымен, Сағидолла өз бағытымен тартып барады. Бір қуанарлығы, қазірге өкшелей қуған қуғыншы болған жоқ. Болмай-ақ та қойсын. Олар әлі де сол ауыл маңын айналсоқтап, Сағидолла «барады-ау, барады-ау» деген жерлерді тіпті, ағайын-туысының үйін тору-ылдаумен жүрсе керек. Тосыннан келіп түйісіп қалмаса, енді олардан төнер көп қауіп жоқ. Өйткені, Сағидолла күн жүріп, түн жүріп, әбден ұзап кеткен.

Сағидолла бұдан былай да аялдамады. Тек сиыр тұс мезгілінде Тарбағатай тауының баурайындағы қойтасты қоңыр адырға келіп кірді. Шөбі сиреп, құрап ұша бастаған кең алқап құлазып тұр. Елде жоқ, иен. Шамасы, бірнеше күннен бергі жапырыла көшкен ел дәл осы жерлерден аттанса керек. Ол, өзінің бірнеше тәулік бойы көз ілмей әбден қалжырағанын енді сезгендей. Мең-зең күйде түсіп, қалғып-шұлығы берген соң ат басын жолдан аулаққа бұрып, бір биікке шығып жайғасты. Ондағы ойы – «жау жоқ деме – жар астында». Осы жерден айналасы бәрі анық көрінеді екен. Таяу маңнан салып ұрып біреу-міреу келе жатса бірден көрінер. Егерде ондай біреулер көзге түсіп жатса әйтеуір қапы қалмаспын. Осында біраз көз шырымын алып, тұс ауа жолға шығайын. Атым да тынығып, оттасын» деген. Сағидолланың қоржын толы азықтан бір түйір алып ауызға салуға шамасы келген жоқ. Атын бекітіп, ерін жастанып қана жантая берді.

Заңғары бұлт бүркеніп, төбесі көк тіреген Тарбағатай тауы әудем жерде тұр. Ақ самайлы қартай сабырлы да салмақты, мағаз қалпында. Жақындаған сайын биіктей береді. Енді оған сол биіктен асып, шекара сызығын аман-сау аттау – арман. Ол да айтарға болмаса оп-оңай іс емес. Оқыс басып, көзге түсіп қалса, мұздай қаруланған шекарашылардың бірі сөзге келместен бір тал оқпен жайратып салуы да мүмкін ғой. Сондықтан да, оның әр басқан қадамына қырандай қырағылық, сауысқандай сақтық қажет.

Сағидолла шаңқай тұс мезгілінде бас қойған ұйқыдан күн еңкейе бірақ оянды. Көзін

төгіп-төгіп жіберердей төніп келеді. Айтқандай сәл жүрмей жатып-ақ жаңбыр себелеп, оған ұйытқып соққан күшті жел қосылды. Сонымен лезде айналасы әлем-тапырағы шықты. Ілгері басқан сайын долданып, ту сыртынан ұрған ызғарлы тамшы атқа да, адамға да байыз таптырмады. Ырық берместен ықтасын жаққа ықсыра берді. Көп өтпей жаңбыр соңы қарға айналып, аяғы ақ түтек боранға ұласты. Енді, міне, қар да борап, боран да ұйтқып қос бүйірден бірдей қысты. Шегінерге жол жоқ. Сағидолла ес кетіп, жан шыққанда Тарбағатай тауын тұмсықтай барып зорға асты. Күн де батқан-ау, шамасы. Онсыз да бураша бұрқылдап, қаһарына мінген қарлы құйын ештеңені көрсететін емес. Барар бағыттан қарға айналып игі еді. Сағидолла өзінің қайда келіп, қай жерде жүргенінен де бейхабар. Шекара сызығы қайда қалды? Мына қарлы боранмен қабаттаса келген қараңғыда оның шекарашылардың қолына өзі барып түсуі де мүмкін ғой. Бар білері – кері бұрылып кеткен жоқ. Ой мөлшермен ілгерілеп келеді. Әйтеуір, асудан асқаннан кейін жолдың ылдилай түскені анық. Ол қос тізгінін қымтап ұстап, ат басын еркіне жіберіп қана отырды. Бар жәрдем тілері жалғыз Алла. Бірде ол іштей күбірлеп: «Ей, жаратқан ием, өзің жар бола көр! Мына қараңғылық қаптаған меңіреу түнде мені барар бағытымнан адастыра көрме! Әйтеуір, шекарадан бері қалып қоймай, аман ассам екен. Қолға түссем де, елге жетіп түсейін. Атып өлтірсе де, өз еліміңіз сарбаздары атып өлтірсін. Сүйегім тек атажұртта қалса арманым жоқ, еш өкінбес едім!» деп тілеген.

Айнала ақ мұнар. Қай мезгіл болғаны да белгісіз. Бірде жол еңістеген сайын қарлы боранның қарқыны бәсейіп, жауған қар да баулап берді. Үсенкері болса «шу» дегізбестен желмен жарысып, тартып келеді. Енді бірде ат аяқастынан тік қарғып, шыңғырып-шыңғырып барып төбеге ұрғандай шорт тоқтады. Бейғам отырған Сағидолла аттан ауып түсіп қала жаздап барып қайта орнықты. Ары тебінді, бері тебінді. Ат тұрған орнынан қозғалар емес. Тіпті, қамшылап та көрді, жануар төрт аяқтаған бойда қалшылдап дір-дір етеді. Сағидолла қатты састы. Не болғанын біле алмай дал.

Құлама құз жартасқа тура келіп қалдым ба? Жоқ әлде түн кезген бөрі, болмаса ашыққан ау қамап тұр ма деп те шошыды. Өйтеуір, бір сұмдықтың болғаны анық. Өйтпегенде осыған дейін жұла тартып келген жануардың лезде мұндай күйге түсуі мүмкін емес еді. Сонымен, ол не де болса Алланың басқа салғанына көндім деген тәуекелмен аттан түсті. Тізгінін ер қасына іле салып, алдыңғы жақта не болып жатқанын білмекке тырысты. Ол ат басына жақындай бере сіріңке тартты. Қораланған қол қуысындағы жылтыраған әлсіз жарық жел лебімен оңды-солды шалқып, ештеңе дұрыс көрінер емес. Одан сайын жақындап, екінші мәрте сіріңке шаққанда оның үрейленгені соншалық, тұла бойы дір етіп, тітіркеніп кетті. Ат алдында тізгін-шылбырға оралған екі үлкен мақұлық отыр. Бір қызығы, олар қазірге атқа да, адамға да айбар шегіп, шабуыл жасай қойған жоқ. Сағидолла қолындағы сіріңке қорабын ашып, тағы бір мәрте сіріңке тартуға ыңғайлана бергенде оның тұ сыртынан біреулер келіп жарық түсірді де, қатқыл үнмен «тұрған орныңнан қозғалма!» деген қатаң ескерту жасады.

Құлақ, шіркін, елең ете қалды. «Иә, қазақ қой бұл келгендер. Менің естігенім – нағыз қазақтың үні, қазақтың. Олар менің ет жақындарым екен. Демек, мен ел шетіне ілінген болдым ғой. О, жаратушы жалғыз ием, мені еш адастырмай елге жеткізгеніңе шексіз шүкір! Жеттім-ау, ақыр! Енді сендердің қолында өлейін!».

Сағидолланың қуанышында шек жоқ. Қос қолын көтеріп, оларға бағынышты екенін білдіріп бір орында қозғалмай тұра берді. Өйтеуір, ол өзі аңсаған елге келіп, қазақ дауысын ет құлағымен естігеніне мәз. Дәл осы сәтте одан бақытты жан жоқ шығар-ау, сіре?! Түскен жарықтан енді анық көрінді, кері атты тізгін-шылбырдан алып, тыпыр еткізбей отырған тайыншадай-тайыншадай қос қарала ит екен. Екі құлағы тебінгідей, түрлері де суық. Жарық түсірушілер келісімен иттер ат тізгінін тастай беріп, иелеріне қарай бұлаңдап еркелей жөнелді. Сағидолла теріс қараған бойда қос қолын көкке көтеріп әлі тұр. Келгендер оның бойында жасырынған суық қаруы, болмаса басқа бірдеңесі бар ма деп ойласа керек, қолын түсіртпей тұрып, өн бойын тегіс бір тітіріп шықты. Бірақ, күдіктенер ештеңе тапқан жоқ. Сосын олар тіс жарып ештеңе айтпастан атын жетелеп, адамын ертіп жүре берді. Олар өздері тұрған аумақтан шамалы жүргенде алдыларынан көше шамдары жарқыраған бір ауыл көрінді. Сағидолла үшін ауыл үйлерінің салыну үлгісі де өзгеше. Бірден көзге ұрып тұр.

– Бұл қай жер? – деп сұрады ол.

– Мақаншы ауданының Бақты ауылы, – деді бір сарбаз. Басқа артық ештеңе айтқан жоқ. Негізінде Сағидолла Тарбағатай тауын асып, Ақшәулі арқылы, Аягөзге өтуді көздеген. Алдымен сол жердегі туыстарымды тапсам, әрі қарай бір жөні болар деген. Бірақ, ол өзі мөлшерлеген жерден мүлде қиыс кеткен екен. Мынаған қарағанда әлі де сол Қытай шекарасының түбіндегі Бақты аумағында жүргеніне таң. Сақтай гөр, Алла! Сарбаздар қолына түспей тағы біраз жүргенде Қытай жеріне қайта өтіп кеткендей екен. Сағидолла жарық түбіне келгенде бірақ байқады, өзін ұстап әкеле жатқан бес әскердің үшеуі қазақ, екеуі орыс көрінеді. Олар оны ауыл көшелерінің бірімен шеткері орналасқан бір кең аулаға бастап кірді.

Аула іші тым-тырс. Жыбыр еткен жан жоқ. Қамау орны дейін десе, қарулы күзет көрінбейді. Тек кірген қақпаның оң босағасында жалғыз шырақ айнадай жарқырап тұр. Қақпа да алаң-ашық. Сағидолла «мені бүгін осындағы үйлердің біріне қамап қоятын болды-ау» деп топшылады. Тағы бір таңғаларлығы, ұстап әкелген сарбаздар Сағидолладан «сіз кім едіңіз? Қайдан келдіңіз? Қайда барасыз?» Жо, жоқ... Бір ауыз сөз сұраған жоқ. Алдымен оның өз көзінше атын қақпаның сол жағалауындағы ат қораға байлап, өзіне аула төріндегі үйлердің бірінен жатар орын көрсетті. Сағидолла қазақ жігіттерін жақын тартып, біраз бірдеңелер сұрағысы келген. Бірақ ешкімнің ештеңе айта қоятын түрі жоқ. Бәрі де үнсіз. Сарбаздар Сағидоллаға ас-тағам, көрпе-жастық дайындап беріп «сіз осында демалыңыз» дегенді ғана қазақ тілінде айтты. Ал, өз араларында мүлде орысша сөйлеседі. «Бәлкім тәртіп солай шығар. Сағидолла ештеңе де түсінген жоқ. Енді жайланып тамақтана бастап еді, сарбаздардың бірі қалмай шығып кетті. Есікті де бекіткен жоқ. Бұл елде қолға түскен адамдардың бәріне осылай жұмсақтық танытады ма? Әлде, ұлтым қазақ болғаны үшін бе? Енді ертенгі тергеу кезінде де осылай болса игі еді. Жоқ, екі сөзге келместен тарпа бас салып, өлімші етіп тастайтын сұмпаиылар мұнда да бар ма?»... Түпсіз ой. Тереніңе бойлап болмайсың. Бірі кіріп, бірі шығып жатыр.

Даңғарадай дара бөлме. Жалғыз өзі. Ортасы опырылып түсетіндей былқылдақ төсек тым жайсыз. Сағидолла көз ілер емес. Құр аунақшып жүз ойланып, мың толғанады. Осыған дейін болған болмыстың бәрі де көз алдында. Қаз-қалпында бір елестеп өтті. Бірде ол еппен басып ауыз үйге, одан өрі далаға шықты. Қазірге оны күзетіп тұрған жан баласы жоқ. Далада да тыныштық. Өзі келгенде

жапалақтап жауып тұрған қар да басылған. Аспандағы бұлт үдере көшіп, арасынан ай сығалай бастапты. Атының қасына барып, сіріңке тартып көріп еді, ол да орнында екен. Жануар оқыр толы көк шөпті күрт-күрт күйсеп тұр. Сағидолла басқа емес өзін еш қараусыз қалдырып кеткен сарбаздарға таң. Сонда олар бұл адам кім екен өзі, қараусыз қалды. Қашып кетіп жүрмей ме дегенді ойламады ма? Адам сенгісіз әрекет. Әлде олар Қытай шекарашыларына хабар айтуға кетті ме екен? Сағидолла сасқалақтай бастады. Сасқалақтамай қайтсін? Шынымен де шекарашылар Қытай жаққа хабар айтып, бір адамдарың біздің жерге өтіп келіпті деп кері қайтарып жіберсе оның біткені ғой?! Осыған дейін қашып-пысып жеткен бар еңбегінің де зая кеткені де. Ол ақыры мені күзетіп тұрған ешкім жоқ екен, не де болса ел ішіне таман еніп кетейін деген оймен абың-күбің жиналды да аттанып кетті.


Түн іші. Ауыл ішінде айнадай жарқыраған қалың шырақ. Ол ат жүрісін жылдамдатып, бір көшеден өтіп, екінші көшенің орта шеніне жеткенде әлгіндегі қос қарала ит қайдан шыққаны белгісіз тағы сап ете түсті. Жарыса келіп, оны алды-артына қаратпастан ат тізгінінен алып, шыққан ауласына қайта әкеліп тықты. Сағидолла еш амалсыз. Қамшы білеп қарсылық көрсетуге де қаратқан жоқ. Ол атын орнына байлап, өзі жайғасқанша иттер көз алмай қарап жатты да, орныққанда шығып-шығып жүре берді. Иттер әбден ұзады-ау деген кезде Сағидолла қайта қамданды. Бұл жолы да иті құрғыр оны алысқа жіберген жоқ. Қалай амалдап ауылдан шығып кетейін десе де, екі иттің құрық бойламайтын қулығынан құтыла алмаған ол соңғы рет атын ұстап, жаяу кетуге бекіген. Бәрібір ұзатпай ұстаған төбеттер оны

Қаланың географиялық орналасу жағдайы түрлі технологиялар кезінде жазғы кезеңде қаланы таза ауыз сумен қамтамасыз етуге ешқашан мүмкіндік бермейтін. Сондықтан жаңа басшы Бақыт Мауылұлы кәсіпорын тізгінін ұстағаннан бастап, осы маңызды мәселені оңды шешіп, тұрғындарды таза сумен қамтамасыз етудің амалдарын жалықпай іздеумен болды. Ақыры «Ізденгенге інжу ілінеді» дегендей ұзақ жылдар бойы қордаланып, тұрғындар тарапынан көптеген наразылықтар туғызып жүрген мүйізді мәселенің шешудің көзі табылды. Бірнеше жыл Бақыт Мауылұлы су тазартудың замануи жаңа тәсілдерін қарастырып жүріп, әйтеуір өткен жылы су тазартудың жағдайын барынша жақсартып, жақсы мүмкіндікке қол жеткізді. Кәсіпорын басшының бастамасымен «Су технологиялары және сүхимиялық режимі» орталығы бұл іспен белсене айналысып, ақыры тығырықтан шығудың жолын тапты. Қала әкімі Бақытжар Өлтайұлы Өнербаев та бұл ұсынысты қолдады. – 2017 жылдан басталған Солдатсай шатқалынан 150–200 метр тереңдіктегі жер асты суларындай, бұрғылау жұмыстарының бірінші кезеңі аяқталуға таяу. Енді оның су сапасының сынамасы және су қорының көлемі анықталу үстінде. Егер бәрі талапқа сай болса, онда сәтін салса келер жылға дейін ауыз суды жер астынан алатын боламыз. Бұл біздің тұрғындардың сапалы ауыз су ішуіне мүмкіндік туғызады. Экологиялық жағынан да таза болады, оның үстіне су жоғарыдан өз екпінімен құйылады да оны қалаға жеткізуге көп күш жұмсалмайды, яғни, электр қуаты көп қолданылмайды. Қыруар қаражат үнемделеді. Мұның бәрі біздің жұмысшылардың жалақыларын уақытылы алып тұруына және олардың әлеуметтік жағдайларының жақсаруына ықпал етеді, – деп түйіндеді Бәкең.

Жақсы адамның серігі – қашанда ақыл, күш қуат, әдеп, қанағат, сабыр, бірлік. Осындай қасиеттерді ғұмырлық серік еткен азамат Бақыт Салиевтың бүгінгі бет бейнесі, шаңырағындағы жарасымдылық, міне, осындай. Өмірлік жары Эмма екеуі 35 жыл бақытты ғұмыр кешіп, ұлдары Әділет пен қыздары Әселімге тәлімді тәрбие беріп, бүгінде олар бір-бір жауапты қызметтің тұтқасын ұстап, облыс орталығында лайықты еңбек етіп жүр. Нұржамал есімді немере сүйіп, қуанышқа бөленіп отыр. Алпыстың асқарына шыққан абзал азаматтың алар асулары әлі алда деп ойлаймыз.

**Шора БАТЫРБАЕВ,**  
Қазақстан Журналистер одағының мүшесі.

# БІРЫҢҒАЙ ЖИЫНТЫҚ ТӨЛЕМ ЖӘНЕ ОНЫҢ АРТЫҚШЫЛЫҚТАРЫ

Бұл не және не үшін енгізілді?

Бірыңғай жиынтық төлем өзін-өзі жұмыспен қамтушы жеке тұлғалардың бейресми қызметін тіркеуді оңайлатуға бағытталған. Сол арқылы төрт міндетті төлемді: мемлекеттік кірістер органына төленетін жеке табыс салығын (ЖТС), Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорына (БЖЗҚ, Қор) төленетін міндетті зейнетақы жарналарын (МЗЖ), Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорына төленетін әлеуметтік аударымды және Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру қорына төленетін әлеуметтік аударымды бір төлеммен жүзеге асыруға болады.

Бұл бізге қандай мүмкіндіктер береді?

Жеке кәсіпкер ретінде кәсіпкерлік қызметін тіркелместен жүзеге асыратын, бір мезгілде мынадай шарттарға сай келетін: БЖТ төлеген, жалдамалы жұмыскерлердің еңбегін пайдаланбайтын, қызметтерді салық агенттері болып табылмайтын жеке тұлғаларға ғана көрсететін және (немесе) акцизделетін

## ЖАҢА 2019 ЖЫЛ ОТАНДАСТАРЫМЫЗ ҮШІН БІРҚАТАР РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ЗАҢДАРҒА ЕНГІЗІЛГЕН ӨЗГЕРІСТЕРДЕН БАСТАЛДЫ. СОЛАРДЫҢ БІРІ – 2019 ЖЫЛДЫҢ 1 ҚАҢТАРЫНАН БАСТАП КҮШІНЕ ЕНГЕН БІРЫҢҒАЙ ЖИЫНТЫҚ ТӨЛЕМ (БЖТ).

өнімдерді қоспағанда, өзінің жеке қосалқы шаруашылығында өндірген ауыл шаруашылығы өнімін салық агенттері болып табылмайтын жеке тұлғаларға ғана өткізетін жеке тұлғалар БЖТ төлеушілер деп танылады.

Ал сауда-ойын-сауық орталықтары аумағында жұмыс атқаратындар (қызметтер көрсететін), тұрғын емес орынжайларды жалға берушілер, жеке практикамен айналысатын адамдар, оралмандарды қоспағанда, шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдар және жеке кәсіпкер ретінде мемлекеттік тіркелген адамдар БЖТ төлеушілер ретінде танылмайды.

«Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» Қазақстан Республикасы Кодексінің (Салық кодексі) 774-бабына сәйкес БЖТ төлеушілер болып табылатын жеке тұлғалар үшін өз пайдасына Қорға төленуге жататын міндетті зейнетақы жарналары

республикалық және облыстық маңызы бар қалаларда, Астанада – айлық есептік көрсеткіштің (АЕК) 1 еселенген мөлшерінің және басқа елді мекендерде айлық есептік көрсеткіштің 0,5 еселенген мөлшерінің 30 пайызын құрайды. Бұл ретте республикалық бюджет туралы заңда белгіленген және тиісті қаржы жылының 1 қаңтарына қолданыста болатын АЕК мөлшері қолданылады.

Жүйеге қатысушы жұмыстан, еңбекке қабілеттілігінен, асыраушысынан айырылған жағдайда, сонымен қатар жүктілік, бала туу және бала бір жасқа толғанға дейін оның күтіміне байланысты мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорынан жоғары мөлшерде әлеуметтік төлемдер алу мүмкіндігіне ие болады. Олар өздерінің төлем қабілеттілігін растап, банктен несие ала алады.

Өзін-өзі жұмыспен қамтушы жеке

тұлғалар БЖТ-ны «Азаматтарға арналған үкімет» Мемлекеттік корпорациясына екінші деңгейдегі банктер немесе жекелеген банк операциялары жүзеге асыратын ұйымдар (мысалы, «Қазпошта» АҚ) арқылы төлейді. Әрі қарай Мемлекеттік корпорация төлемді төрт бағыт бойынша: жеке табыс салығы ретінде мемлекеттік кірістер органына, әлеуметтік аударым ретінде мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорына, міндетті зейнетақы жарналары ретінде Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорына және әлеуметтік аударым ретінде міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру қорына аударады.

Бұған дейін МЗЖ есепке алу бойынша жеке зейнетақы шоты (ЖЗШ) жеке тұлғаның БЖЗҚ-ға ұсынған ЖЗШ ашу жөніндегі өтініші негізінде ашылатын. Енді 2019 жылдың қаңтарынан бастап БЖЗҚ-да МЗЖ есепке алу

бойынша ЖЗШ ашу үшін жеке тұлға БЖЗҚ-ға жүгінудің қажеті жоқ. Енді жеке тұлғаның БЖЗҚ-да МЗЖ есепке алу бойынша ашылған зейнетақы шоты жоқ болса, алғашқы жарна келіп түскен кезде зейнетақы шоты Қордың ақпараттық жүйесінде автоматты түрде ашылады. Бұл ретте жеке тұлға МЗЖ аудару кезінде төлем тапсырмасының электрондық форматында көрсетілген дербес деректер (тегі, аты, әкесінің аты, жеке сәйкестендіру нөмірі, туған күні) бойынша сәйкестендіріледі.

Ескере кететін жайт, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары (МКЗЖ) мен ерікті зейнетақы жарналары (ЕЗЖ) есепке алу бойынша ЖЗШ ашу тәртібі бұрынғыша өзгеріссіз қалады.

Сондай-ақ электрондық цифрлық қолтаңба (ЭЦҚ) бар болған жағдайда, ЕЗЖ (өз пайдасына) есепке алу бойынша жеке зейнетақы шотын БЖЗҚ сайтында онлайн тәртібінде ашуға болады. Бұл салымшылар мен алушылар үшін өте ыңғайлы.

## ХАБАРЛАНДЫРУ

«Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі Төтенше жағдайлар комитеті Алматы облысы Төтенше жағдайлар департаментінің Өрт сөндіру және авариялық құтқару жұмыстары қызметі (Талдықорған қаласы)» мемлекеттік мекемесі пошта индексі 040000, Талдықорған қаласы, Алдабергенов көшесі №86 «А» үй, электрондық пошта spars\_almob@emer.kz, ақпарат үшін телефон (факс) 8 (7282) 24-22-05, кадр жұмысы бөлімінің тел. 8 (7282) 24-09-18, азаматтық қорғау органдарының бос қызмет орындарына конкурс жариялайды.

1. С-SV-13 санаты бойынша, мамандандырылған өрт сөндіру бөлімінің, өрт сөндіру бөлімінің және өрт сөндіру бекетінің өрт сөндіру автокөліктерінің жүргізуші-қызметкері лауазымына – 34 бірлік.

Бөліністерінің атаулары, бос лауазымдардың саны: Талдықорған қаласындағы №1 МӨСБ-1 бірлік, Талғар ауданы Талғар қаласындағы №2-МӨСБ – 2 бірлік, Қарасай ауданы Қаскелең қаласындағы №1 ӨСБ – 6 бірлік, Іле ауданы Өтеген батыр ауылындағы №3 ӨСБ-1 бірлік, Іле ауданы Боралдай кентіндегі №4 ӨСБ – 3 бірлік, Қапшағай қаласындағы №5 ӨСБ – 3 бірлік, Жамбыл ауданы Ұзынағаш ауылындағы №7 ӨСБ – 1 бірлік, Кеген ауданы Кеген ауылындағы №11 ӨСБ – 3 бірлік, Райымбек ауданы Нарынқол ауылындағы №12 ӨСБ – 1 бірлік, Іле ауданы Ақши ауылындағы №13 ӨСБ – 1 бірлік, Балқаш ауданы Бақанас ауылындағы №14 ӨСБ – 1 бірлік, Алакөл ауданы Достық бекетіндегі №20 ӨСБ – 4 бірлік, Ақсу ауданы Қапал ауылындағы №29 ӨСБ – 1 бірлік, Алакөл ауданы Үшарал қаласындағы №26 ӨСБ – 4 бірлік, Сарқан ауданы Сарқан қаласындағы №34 ӨСБ-1 бірлік, Алакөл ауданы Қабанбай ауылындағы №36 ӨСБ – 1 бірлік.

Лауазымдық міндеттері: Өрт орнына өрт сөндіру автомобильмен жеке құрамды жеткізу. Бекітілген техниканың сондай-ақ оларға орнатылған механизмдердің үздіксіз жұмысын қамтамасыз ету. Бөлім қарамағындағы өрт сөндіру автомобильдерінің барлық түрлерін әртүрлі жол және метеорологиялық жағдайларда басқара білу. Өрт сөндіру автомобильдеріне техникалық қызмет көрсетіп, жөндеу жұмыстарын жүргізе білуге міндетті.

Конкурсқа қатысушыға қойылатын талаптар: Конкурсқа қатысушының жасы 35 жастан аспауы шарт. Білімі орта. В,С және одан да басқа санатты жүргізуші куәлігі бар. Жүк автокөліктерінде 3 жылғы тәжірибесі болу керек. Қорғаныс министрлігінде әскери-оқу қоры дайындығы бойынша әскери қызмет пен әскери дайындық өткен, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес мерзімді әскери қызметке шақырудан босатылған немесе кейінге қалдырған азаматтар қабылданады.

2. С-SV-13 санаты бойынша өрт сөндіру бөлімінің және өрт сөндіру бекетінің өрт сөндірушісі лауазымына – 16 бірлік.

Бөліністерінің атаулары, бос лауазымдардың саны: Қарасай ауданы Қаскелең қаласындағы №1 ӨСБ-1 бірлік, Еңбекшіқазақ ауданы Есік қаласындағы №6-ӨСБ-1 бірлік, Іле ауданы Өтеген батыр ауылындағы №3 ӨСБ – 1 бірлік, Іле ауданы Боралдай қаласындағы №4 ӨСБ-2 бірлік, Қапшағай қаласындағы №5 ӨСБ – 1 бірлік, Жамбыл ауданы Ұзынағаш ауылындағы №7 ӨСБ-1 бірлік, Кеген ауданы Кеген ауылындағы №11 ӨСБ-1 бірлік, Іле ауданы Ақши ауылындағы №13 ӨСБ-1 бірлік, Балқаш ауданы Бақанас ауылындағы №14 ӨСБ-4 бірлік, Алакөл ауданы Достық бекетіндегі №20 ӨСБ-1 бірлік, Сарқан ауданы Сарқан қаласындағы №34 ӨСБ-1 бірлік, Талдықорған қаласындағы №21 ӨСБ-1 бірлік.

Лауазымдық міндеттері: Қарауылдық қызметке қатысу, өртті сөндіруге қатысу, адам өмірі мен мүліктерді құтқару бойынша авариялық-құтқару жұмыстарын жүргізу.

Конкурсқа қатысушыға қойылатын талаптар: Конкурсқа қатысушының жасы 35 жастан аспауы шарт. Білімі орта. Қорғаныс министрлігінде әскери-оқу қоры дайындығы бойынша әскери қызмет пен әскери дайындық өткен, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес мерзімді әскери қызметке шақырудан босатылған немесе кейінге қалдырған азаматтар қабылданады.

3. С-SV-12 санаты бойынша, өрт сөндіру бөлімінің аға өрт сөндіруші-құтқарушысы лауазымына – 7 бірлік.

Бөліністерінің атаулары, бос лауазымдардың саны: Талғар ауданы Талғар қаласындағы №2 МӨСБ-3 бірлік, Жамбыл ауданы Ұзынағаш ауылындағы №7 ӨСБ-1 бірлік, Алакөл ауданы Достық бекетіндегі №20 ӨСБ – 2 бірлік, Алакөл ауданы Үшарал қаласындағы №26 ӨСБ-1 бірлік.

Лауазымдық міндеттері: Қарауылдық қызметке қатысу, өртті сөндіруге қатысу, адам өмірі мен мүліктерді құтқару бойынша авариялық-құтқару жұмыстарын жүргізу.

Конкурсқа қатысушыға қойылатын талаптар: Конкурсқа қатысушының жасы 35 жастан аспауы шарт. Білімі орта. Қорғаныс министрлігінде әскери-оқу қоры дайындығы бойынша әскери қызмет пен әскери дайындық өткен, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес мерзімді әскери қызметке шақырудан босатылған немесе кейінге қалдырған азаматтар қабылданады.

4. С-SV-12 санаты бойынша, өрт сөндіру бөлімінің аға өрт сөндіруші-радиотелефонисті лауазымына – 1 бірлік.

Бөліністерінің атаулары, бос лауазымдардың саны: Талғар ауданы Талғар қаласындағы №2 МӨСБ – 1 бірлік,

Лауазымдық міндеттері: Қарауылдық қызметке қатысу, өрт және басқа да төтенше жағдайлар жөнінде хабарламаларды қабылдау және өңдеу.

Конкурсқа қатысушыға қойылатын талаптар: Конкурсқа қатысушының жасы 35 жастан аспауы шарт. Білімі орта. Ер азаматтар үшін Қорғаныс министрлігінде әскери-оқу қоры дайындығы бойынша әскери қызмет пен әскери дайындық өткен, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес мерзімді әскери қызметке шақырудан босатылған немесе кейінге қалдырған азаматтар қабылданады.

5. С-SV-13 санаты бойынша, өрт сөндіру бөлімінің өрт сөндіруші радиотелефонисті лауазымына – 2 бірлік.

Бөліністерінің атаулары, бос лауазымдардың саны: Іле ауданы Өтеген батыр ауылындағы №3 ӨСБ – 1 бірлік, Қапшағай қаласындағы №5 ӨСБ – 1 бірлік.

Лауазымдық міндеттері: Қарауылдық қызметке қатысу, өрт және басқа да төтенше жағдайлар жөнінде хабарламаларды қабылдау және өңдеу.

Конкурсқа қатысушыға қойылатын талаптар: Конкурсқа қатысушының жасы 35 жастан аспауы шарт. Білімі орта. Ер азаматтар үшін Қорғаныс министрлігінде әскери-оқу қоры дайындығы бойынша әскери қызмет пен әскери дайындық өткен, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес мерзімді әскери қызметке шақырудан босатылған немесе кейінге қалдырған азаматтар қабылданады.

6. С-SGU-12 санаты бойынша, мамандандырылған өрт сөндіру бөлімінің фельдшері лауазымына – 1 бірлік.

Бөліністерінің атаулары, бос лауазымдардың саны: Талдықорған қаласындағы №1-МӨСБ – 1 бірлік.

Лауазымдық міндеттері: Күнделікті жеке құрамның денсаулық жағдайын тексеру. Со-зылмалы ауруларды тексеру кезінде мекеменің санитарлық жағдайын медициналық тексеруге алу керек. Ережеге сай жеке және қоғамдық гигиенаны сақтау. Жеке құрамға медициналық көмек көрсету.

Конкурсқа қатысушыға қойылатын талаптар: Конкурсқа қатысушының жасы 35 жастан аспауы шарт. Білімі арнайы-орта: Емдеу ісі (Фельдшер) маман сертификаты болуы қажет. Функционалдық міндеттерін орындау үшін қажетті білім, икем мен машығының болуы. Қорғаныс министрлігінде әскери-оқу қоры дайындығы бойынша әскери қызмет пен әскери дайындық өткен, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес мерзімді әскери қызметке шақырудан босатылған немесе кейінге қалдырған азаматтар қабылданады.

Жалпы: 61 бос лауазым қатардағы және кіші басшы құрам.

Конкурстық комиссия жұмысының ашықтығы мен объективтілігін қамтамасыз ету үшін оның отырысына байқаушылар шақырылады.

Конкурстық комиссияның отырысына байқаушылар ретінде Қазақстан Республикасы Парламентінің және барлық деңгейдегі мәслихаттардың депутаттары, Қазақстан Республикасы заңнамасында белгіленген тәртіпте аккредиттелген бұқаралық ақпарат құралдарының, басқа мемлекеттік органдардың, қоғамдық бірлестіктердің (үкіметтік емес ұйымдардың), коммерциялық ұйымдардың және саяси партиялардың өкілдері, мемлекеттік қызмет істері жөніндегі уәкілетті органның қызметкерлері қатыса алады.

Байқаушы ретінде конкурстық комиссияның отырысына қатысу үшін адамдар әңгімелесу басталғанға дейін бір жұмыс күнінен кешіктірмей кадр қызметіне тіркеледі. Тіркелеу үшін адам кадр қызметіне жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесін ұсынады.

Конкурсқа қатысушылардың құжаттары қабылдау хабарландыру жарияланған сәттен бастап он жұмыс күні ішінде Талдықорған қаласы, Алдабергенов көшесі №86 «А», мекен-жайында («Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі Төтенше жағдайлар комитеті Алматы облысы Төтенше жағдайлар департаментінің Өрт сөндіру және авариялық-құтқару жұмыстары қызметі» мемлекеттік мекемесі кадр жұмысы бөлімі) жергілікті сағатпен 09.00-ден бастап 18.00-ге дейін, демалыс күндері (сенбі, жексенбі) және Қазақстан Республикасының мерекелік күндерінен басқа күндері қабылданады.

## ОБЪЯВЛЕНИЕ

Государственное учреждение «Служба пожаротушения и аварийно-спасательных работ Департамента по чрезвычайным ситуациям Алматинской области (город Талдықорған) Комитета по чрезвычайным ситуациям Министерства внутренних дел Республики Казахстан» почтовый индекс 040000 г. Талдықорған ул. Алдабергенова, 86 А, электронная почта spars\_almob@emer.kz, телефон (факс) для справок 8 (7282) 24-22-05, отдел кадровой работы тел. 8 (7282) 24-09-18, объявляет конкурс на занятие вакантных должностей органов гражданской защиты Республики Казахстан.

1. Водитель-сотрудник пожарных автомобилей специализированной пожарной части, пожарной части и пожарного поста – 34 единицы, категория С- SV-13.

Наименование подразделения, количество вакантов: СПЧ №1 г. Талдықорған-1 ед., СПЧ №2 г. Талғар Талғарского района-2 ед., ПЧ №1 г.Каскелең Карасайского района – 6 ед., ПЧ №3 с. Отеген батыр Илийского района-1 ед., ПЧ №4 п.Бурундай Илийского района – 3 ед., ПЧ №5 г.Капшағай – 3 ед., ПЧ №7 с.Узынағаш Жамбылского района – 1 ед., ПЧ №11 с.Кеген Кегенского района – 3 ед., ПЧ №12 с.Нарынқол Райымбекского района – 1 ед., ПЧ №13 с.Акши Илийского района – 1 ед., ПЧ №14 с. Бақанас Балхашского района – 1 ед., ПЧ №20 ст. Достык Алакольского района – 4 ед., ПП №29 с. Капал Аксуского района – 1 ед., ПЧ №26 г. Учарал Алакольского района – 4 ед., ПЧ №34 г. Сарқан Сарканского района –1 ед., ПП №36 с. Кабанбай Алакольского района – 1 ед.

Должностные инструкции: Доставка личного состава на пожарном автомобиле к месту пожара. Обеспечение бесперебойной работы закрепленной за ним техники, а также установленных на ней механизмов. Умение управлять в различных дорожных и метеорологических условиях пожарными автомобилями всех видов, имеющимися на вооружении части. Выполнять техническое обслуживание и ремонт пожарных автомобилей.

Основные требования к участнику конкурса в соответствии с квалификационными требованиями: Возраст не старше 35 лет. Образование среднее, имеющие водительское удостоверение с категориями В,С и более, стаж работы на грузовых автомобилях не менее 3-х лет. Прошедшие воинскую службу или военную подготовку в специализированных организациях МО по подготовке военно-обученного резерва, а также граждане, освобожденные или имеющие отсрочку от призыва на срочную военную службу в соответствии с законодательством РК.

2. Пожарный пожарной части, пожарного поста-16 единиц, категория С- SV-13.

Наименование подразделения, количество вакантов: ПЧ №1 г. Каскелең Карасайского района – 1 ед., ПЧ №6 г. Есик Енбекшиказахского района – 1 ед., ПЧ №3 с. Отеген батыр Илийского района – 1 ед., ПЧ №4 п. Бурундай Илийского района – 2 ед., ПЧ-5 г. Капшағай – 1 ед., ПЧ №7 с.Узынағаш Жамбылского района – 1 ед., ПЧ №11 с.Кеген Кегенского района – 1 ед., ПЧ №13 с. Акши Илийского района – 1 ед., ПЧ №14 с. Бақанас Балхашского района – 4 ед., ПЧ №20 ст. Достык Алакольского района –1 ед., ПЧ №34 г. Сарқан Сарканского района – 1 ед., ПЧ №21 г. Талдықорған-1 ед.

Должностные инструкции: Несение караульной службы, участие в тушении пожаров, проведении аварийно-спасательных работ по спасению людей и имущества.

Основные требования к участнику конкурса в соответствии с квалификационными требованиями: Возраст не старше 35 лет. Образование среднее. Прошедшие воинскую службу или военную подготовку в специализированных организациях МО по подготовке военно-обученного резерва, а также граждане, освобожденные или имеющие отсрочку от призыва на срочную военную службу в соответствии с законодательством РК.

3. Старший пожарный-спасатель пожарной части – 7 единиц, категория С-SV-12.

Наименование подразделений, количество вакантов: СПЧ №2 г. Талғар Талғарского района – 3 ед., ПЧ №7 с.Узынағаш Жамбылского района – 1 ед., ПЧ №20 ст. Достык Алакольского района – 2 ед., ПЧ №26 г. Ушарал Алакольского района – 1 ед.

Должностные инструкции: Несение караульной службы, участие в тушении пожаров, проведении аварийно-спасательных работ по спасению людей и имущества.

Основные требования к участнику конкурса в соответствии с квалификационными требованиями: Возраст не старше 35 лет. Образование среднее. Прошедшие воинскую службу или военную подготовку в специализированных организациях МО по подготовке военно-обученного резерва, а также граждане, освобожденные или имеющие отсрочку от призыва на срочную военную службу в соответствии с законодательством РК.

4. Старший пожарный-радиотелефонист пожарной части – 1 единица, категория С-SV-12.

СПЧ №2 г. Талғар Талғарского района – 1 ед.

Должностные инструкции: Несение караульной службы, прием и обработка сообщений о пожарах и иных чрезвычайных ситуациях.

Основные требования к участнику конкурса в соответствии с квалификационными требованиями: Возраст не старше 35 лет. Образование среднее. Для мужчин прошедшие воинскую службу или военную подготовку в специализированных организациях МО по подготовке военно-обученного резерва, а также граждане, освобожденные или имеющие отсрочку от призыва на срочную военную службу в соответствии с законодательством РК.

5. Пожарный-радиотелефонист пожарной части – 2 единицы, категория С-SV-13.

ПЧ №5 г. Капшағай – 1 ед., ПЧ №3 с.Отеген батыр Илийского района – 1 ед.

Должностные инструкции: Несение караульной службы, прием и обработка сообщений о пожарах и иных чрезвычайных ситуациях.

Основные требования к участнику конкурса в соответствии с квалификационными требованиями: Возраст не старше 35 лет. Образование среднее. Для мужчин прошедшие воинскую службу или военную подготовку в специализированных организациях МО по подготовке военно-обученного резерва, а также граждане, освобожденные или имеющие отсрочку от призыва на срочную военную службу в соответствии с законодательством РК.

6. Фельдшер специализированной пожарной части – 1 единица, категория С-SV-12.

Наименование подразделения, количество вакантов: СПЧ №1 г. Талдықорған – 1 ед.

Должностные инструкции: Ежедневно перед проведением развода проводить проверку состояния здоровья личного состава; вести постоянное медицинское наблюдение за лицами с хроническими заболеваниями и результаты наблюдения; контролировать санитарное состояние служебных помещений; контролировать выполнение ими правил личной и общественной гигиены; оказывать медицинскую помощь личному составу.

Основные требования к участнику конкурса в соответствии с квалификационными требованиями: Возраст не старше 35 лет, образование среднее специальное: Лечебное дело (фельдшер). Наличие сертификата специалиста. Наличие знаний, умений и навыков, необходимых для исполнения функциональных обязанностей. Прошедшие воинскую службу или военную подготовку в специализированных организациях МО по подготовке военно-обученного резерва, а также граждане, освобожденные или имеющие отсрочку от призыва на срочную военную службу в соответствии с законодательством РК.

**ИТОГО: 61 вакантных должностей рядового и младшего начальствующего состава.**

Для обеспечения прозрачности и объективности работы конкурсной комиссии на ее заседание приглашаются наблюдатели.

В качестве наблюдателей на заседании конкурсной комиссии могут присутствовать депутаты Парламента Республики Казахстан и маслихатов всех уровней, аккредитованные представители средств массовой информации, других государственных органов, общественных объединений (неправительственных организаций), коммерческих организаций и политических партий, сотрудники уполномоченного органа по делам государственной службы.

Для присутствия на заседании конкурсной комиссии в качестве наблюдателя лицо регистрируется в кадровой службе не позднее одного рабочего дня до начала проведения собеседования. Для регистрации лицо предоставляет в кадровую службу копию документа, удостоверяющего личность.

Прием документов участников конкурса осуществляется в течение десяти рабочих дней с момента публикации объявления о проведении конкурса по адресу: город Талдықорған ул. Алдабергенова, 86 А, (отдел кадровой работы государственного учреждения «Служба пожаротушения и аварийно-спасательных работ Департамента по чрезвычайным ситуациям Алматинской области (город Талдықорған) Комитета по чрезвычайным ситуациям Министерства внутренних дел Республики Казахстан») с 09.00 часов до 18.00 часов местного времени, выходные дни (нерабочие дни) суббота, воскресенье и праздничные дни Республики Казахстан.

ҚУАНЫШ

# СПОРТ МЕКТЕБІНІҢ ЧЕМПИОНДАРЫ

**Талдықорған қаласындағы олимпиадалық резервтегі облыстық мамандандырылған мектеп-интернаты-колледжінің ұжымы 2019 жылды үлкен табыспен бастады деп айтуымызға толық негіз бар. Мектеп оқушылары қаңтар айының алғашқы он күндігінің өзінде-ақ Қазақстан чемпионаты мен Азия және халықаралық додалы жарыстарға белсенді қатысып, 20-дан астам алтын, күміс пен қола медальдардың иегерлері атанып үлгерді. Қуаныштымыз!**



көрсетті. Олар: Даниял Тоқтаған, Ербол Камалиев, Бақтияр Шамухамбет, Алихан Далабай, Мерей Маулетханов, Әмір Темірғали, Ұлан Сержанов, Абай Серікқазыұлы, Тұрар Жаманкузов, Семсер Ынтымақ. Жастардың бәріне алтын алқаларын тағып, мектеп әкімшілігінің алғыс хаттарымен марапаттады. Олардың жаттықтырушылары М. Нуғыманов, Б. Қоңқабаев пен О. Руденко да мектеп басшылығының сый-сияпатынан тыс қалмады.


Оқушылардың қысқы демалыс кезінде Талдықорған қаласының «Жастар» спорт сарайында 2004-2005-жылы туған жасөспірімдер арасында дзюдо күресінен республикалық турнир өткенінен облыс жұртшылығы жақсы хабардар. Осы жарыста да аталған мектептің оқушылары көзге түсіп, жүлделі екінші мен үшінші орындарды жеңіп алды. Олар: Насыр Ақжігіт, Еділ Тұрлыбек, Дилнар Рустамқызы, Ясмин Джугунусова Ильяс Алданов, Нұрсұлтан Абдіғұл.

Жаттықтырушылары: А.Қаптағәев, Р. Рахманов, Ж. Төлеухан. Реті келіп тұрғанда атай кетсек, спорт мектебінің қыздары волейбол жарысында да үнемі жеңіске жетіп, жүлделі орындардан көрініп жүргендері әрдайым қуанып отырады. Атап айтқан оқу орынының қыздар ко-

мандасы волейболдан Павлодар мен Талдықорған қаласында өткен Қазақстан чемпионатының да жүлдегерлері атанды. Жоғарыда айтқанымыздай спорт мектебінің бүгінгі табысына кімнің болса көзі қуанғандай. Әр спорттың өзіне тән ерекшелігі бар. Десек те, велоспорттан қазақ қызы Ақпейіл Өсімнің көптің ішінен суырылып, алға, дара шығуына

риза болдым. Қызымыз жаз шыға әлем біріншілігінде де бағын сынап көрмекші екен. Одан олжалы оралса, көпшілік сағына күткен Токио Олимпиадасының да төбесі көрініп қалар деген үміттеміз. Қалай болғанда да қаршадай қызымыздың таудай талабына нұр жауып, әрбір қадамына гүл бітсін дегіміз келеді.

А. ӘБДІРАХМАН.



спорт шеберіне көтерілді. Айта берсек табыстарымыз өте көп. Баршаңызды болашақта Олимпиада ойындарының жұлдыздары ретінде көргім келеді. Еңбектеріңіз табыс тілеймін», – деді Равил Әбдірахманұлы.

Мұнан соң спорт мектебі директорының спорттық бағыттағы орынбасары Марлан Заманбеков сөз сөйлеп, жаңа жылдың алғашқы апталарында оқушылардың қол жеткізген табыстарына тоқталды: «Оқушыларымыздың қатысқан қай жарысты алмайық бәрі де салмақты, әрі жауапты. Бәсекелер өте тартысты өтті. Нәтижесінде біздің қырандарымыз әрдайым өз еріптестерінен оқ бойы озық тұрды.

Бұл дегеніңіз мектептің, тәрбиеші-ұстаздардың және күндіз-түні бірге жүретін жаттықтырушылардың ерен еңбегі деп білемін.

Сонымен 2019 жылы қаңтардың 5 мен 12 аралығында Индонезияның Джакарта қаласында велоспорттан ересектер мен жастар арасында Азия біріншілігінің өткенін жақсы білесіздер. Міне, осы аламан бәйгеде Қазақстан құрамасында мектебіміздің 10-сыныбында оқитын үш қызымыз қатысып, үшеуі де чемпион атанып, алтыннан алқа тағып қайтқанын қуана хабарлағым келеді», – деді ол.

Спортшы қыздардың мойындарына алтын алқаларын тағып, алғыс хаттарын тапсырды. Сондай-ақ, Марлан Заманбекұлы Ақмола облысының Щучинскі қаласында спорт мектептері арасында грек-рим күресінен өткен Қазақстан чемпионатының жүлдегерлеріне де құрмет



ЖАРАЙСЫҢ, АБАЙ!

**Ұлтымыздың ұранына айналған Мағжан Жұмабаевтың «Мен жастарға сенемін!» өлеңінің жолдары өскелең ұрпаққа қуат беріп, рухани мотиваторына айналғаны жасырын емес. Жастарға кәмілсіз сеніп, ел ертеңін тапсыра кеткен Мағжан ақынның шоқтығы биік туындысы қазір де өз қадірін жоғалтқан емес. Сенім бар жерде берекелі іс те бар. Ел жастарға сенсе, жастар болашаққа сенеді.**

## БЕЛІН БЕКЕМ БУҒАН

болмаған. Небір палуандар, спорт шеберлері шыққан еліміз бұл өнермен де мақтана алады. Жауырыны жерге тимеген қазақ спорт шеберлерінің Талдықорған өңірінің де жастары ізін суытпай басып келеді. Талдықорған қаласы №12 мектеп-гимназиясының 7-сынып оқушысы Абай Сейдахмет те ұлы спорт мейталмандарының нәтижесін қайталап, өз елінің, туған жерінің мәртебесін көтеруді аңсайды. Абайдың таңдаған спорт түрі де ерекше.

Шығыс күрестеріне жататын ұрыстық спорттың бір түрі – таэквондо. Жеткіншек бұл спорт түріне 2017 жылдың мамыр айында келген. Және бір ерекшелігі бала өзі талпынып, ешкімнің көмегісіз спорт үйірмесіне жазылған. Абай екі жыл ішінде біраз жетістіктерге жетіп, мектептің және қаланың мақтанышы болып жүр. Жетістіктерінің бастауы Алматы қаласында өткен «Ауғанстаннан әскерлерді шығару күні» деп аталатын турнирде жүлделі бірінші орынды алумен басталған.

Келесі жүлдесі 2018 жылы Қызылорда қаласында өткен М. Қалмахановты еске алуға


арналған таэквондодан балалар мен кадеттер және жасөспірімдер арасында республикалық ашық турнирінде II орынмен толықты. Сонымен қатар Жастар спорт кешенінде өткен турнирде «2018 жылдың ең үздік спортшысы» деген мақтау қағазына ие болды. Талпынысы жоғары ұлтымыздың еңбекқор баласы өткен жылды жүлделі аяқтады. Павлодар қаласында өткен «Павлодар облысы әкімінің кубогы» ашық республикалық турнирінде 33 келі салмақ дәрежесінде I орынды иеленген. Қазіргі таңда спорт шеберінің кандидаты.

Абай жайында анасы Анар Мелісқызы «Балам өзінің талпынысымен осы спорт түрін таңдап, өзі барып, жаттықтырушысымен келісіп, таэквондо үйірмесіне қатысқан болатын. Абайдың бұл спортқа келуіне біздің де еш қарсылығымыз болмады. Қазір көптеген жүлделі орындарды алып жатыр. Біз бала-

мызбен әрине, мақтанамыз. Абай тек біздің ғана емес, ұлттың баласы болса дейміз. Оның әр жеңісі қаламыздың да жеңісі және мақтанышы болмақ. Есімін де ұлы Абай атамыздай болсын деп ырымдап қойғанбыз. Сөз аламында топ жармаса да, спортта қадымдап белестерге келе жатыр» – , дейді.

**P.S. Спорт бәйгесінде топ жарып, белестерге шығып жүрген Абай Сейдахмет қаламыздың кезекті мақтанышы, келешектің шұғылалы таңы деп білеміз. Баланың бетін қақпай белін бекем буып қолдау көрсететін ата-аналарды да мақтануы етеміз. Білім мен спортты қатар ала жүріп, додалардың дарабозы атанған спорт мейталмандарының жолын беруіне тілектеспіз!**

Салтанат ИРФАИПОВА.



Қазіргі таңда жастар қандай іспен айналысады? Ойлағандары не деп тананамыз! Жастар – XXI ғасырдың, тәуелсіз елдің азаматтары. Елбасымыз Нұрсұлтан Әбішұлы айтқандай: «Еркін елде өскен ұрпақтың рухы әрдайым биік болуы тиіс. Жастары жалын жүректі, өршіл намысты, биік рухты болса – ол елдің еңсесі де биік болады». Яғни, барынша қолдау көрсетілген өскелең ұрпақ биік белестерден көрінері анық. Қазақ жастары өнер-білімнен кенде емес, рухани қорымыз өте бай. Сол сияқты халқымыздың спорт өнерінен де ала қоржыны бос

# ҰЛТТЫҚ ОЙЫН

**ҚАРАҚҰЛАҚ – ұлттық ойын.**

«Қарақұлақ» деген ойын иттің атынан шыққан. Балалар қарақұлақты жазда ойнайды. Ойын көбінесе кең алаңда, көгалды жерде өтеді. Жиналғандар өздерінің араларынан біреуін «Қарақұлақ» етіп сайлап алады. Ол сол жерде отырған күйі қала береді де, өзгелері қашық кетіп қалады. Содан кейін олар әлгі баланы алыстан қоршап, оған бірте-бірте жақындай береді.



Жақындап келіп, олар баланы бұрын мүлде көрмегендей, бір-бірінен: «Мына жатқан кім?» – деп үрейлене сұрайды. Сонда біреу:

– Ойбай-ау, мынау әлгі өзіміздің қарақұлақ қой, – деп тұра қашады. «Қарақұлақ!», «Қарақұлақ!» деп басқа балалар да тым-тырақай қаша жөнеледі. Қарақұлақ оларды қуады. Оның қуып жетіп ұстағаны «қарақұлақ» болады. Сөйтіп, ойын қайтадан басталады. Ойын тез жүгіруге, тез қашуға үйретеді.

## ӨМІРЛІК КЕҢЕС

• Ешқашан биік шыңға шықтым деп асыптасудың керегі жоқ, аяғың сәл тайып кетсе жерден табыласың.

• Адамды кедейлік немесе байлық құртпайды, көремаушылық пен қызғаншақтық құртады.

• Қиындықтар – өткен өміріңнің жазасы емес, жарқын болашағыңа берілген сынақ.

• Біреуді өсектемес бұрын, оның киген аяқ-киімін киіп, оның жүрген жолымен жүр. Оның жолдағы шалынған әр тасына шалын. Оның бар ауыртпалығын сезін. Содан кейін ол туралы өсек айт.



## ХИКАЯ

# ТӨРТ ШЫРАҚ



Бір бөлмеде төрт шырақ жанып тұрды. Бірте-бірте еріп, таусыла бастады. Бөлменің тыныштығы соншалық, олардың сыбыр әңгімелері естіліп жатты.

Біріншісі айтты:

«Мен – ТЫНЫШТЫҚПЫН. Мені адамдар бағаламайды, сақтамайды. Менде сөнуден басқа жол қалған жоқ!» Бұл шырақтағы от сөніп қалды...

Екіншісі айтты:

«Мен – СЕНІММІН. Бірақ адамдар бір-біріне сенбейді. Көпшілікте сенім өлген. Менде де сөнуден басқа жол қалған жоқ!» Осылайша екінші шырақ та сөнді...

Үшіншісі айтты:

«Мен – МАХАББАТПЫН. Менің ары қарай жануға күшім жетпейді. Адамдар мені бағаламайды және түсінбейді. Олар өздері үшін жанын беруге дайын жақын адамдарын жек көреді» Көп күттірмей үшінші шырақ та сөнді...

Бөлмеге адам жүгіріп кірді. Үш сөнген шырақты көрген ол, қорқыныштан:

– Сендер не істеп жатсыңдар?! Сендер жануларың керек. Мен түнектен қорқамын! – деп айғайлады. Көзіне жас алып қалды...

Осы сөздерден толқып кеткен төртінші шырақ былай деді:

«Қорқпа және жылама! Мен жанып тұрғанымда, ол үшеуін әлі көп тұтандырамын. Мен – ҮМІТПІН!»

Шынында да, ең соңғы өлетін – үміт...

Деректер интернет көзінен алынды.

## БІЛЕ ЖҮРІНІЗ 52 градус аязда жүгірген марафоншы

**50 жастағы италиялық Паоло Вентурини Ресейдің Якутиясындағы сақылдаған сары аязда жүгіріп, мұрнын үсіріп алды.**

Бірақ осыған қарамастан марафоншы минус 52 градуста 39 шақырым жерді 3 сағат 54 минутта жүгіріп өтіп, рекорд орнатты. Ал Вентурини бұл сапарға 1 жарым жыл дайындалып, ауа температурасы минус 60 градус болуын күткен. Айта кетейік, бұл Падуя қаласында полицей болып қызмет ететін марафоншының экстремалды жағдайда алғаш жүгіруі емес.

Италиялық жүгірушінің тізімінде 20 ультрамарафон бар. Мысалы, Паоло бұған дейін Иранның шөл даласында 52 градустық ыстықта да жүгірген.



деген екен...

## СЕНДЕР-АҚ БӘЛЕ БОЛҒАН ШЫҒАРСЫҢДАР

Қызылордалық айтыскер Айдос Рахметов айтыскерлік өнерімен 2008 жылғы жекпе-жек аламанды елге кеңінен танылған кезі. Сол айтыстан кейін туған өлкесі Жалағаш ауданы Мәдениет ауылына автокөлігімен заулатып бара жатса, МАИ қызметкерлері тоқтатыпты. Ақынды тоқтатқандарын бірден түсініп, Айдосты танып, «жүре беріңіз» деп жібере салыпты.

Бір шаруаларын реттеп қайтып келе жатса, баяғы жол полициясы тағы тоқтатыпты. «Жайшылық па, жігіттер?» – десе, «Бағана бізге өлең шығармадыңыз. Бір шумақ өлең шығарып кетіңіз» – деп қолқа салыпты. Арқаланып кеткен Айдос:

«Ақынның айтқанына құмарсыңдар,  
Жолдың бойын реттеп тұрарсыңдар.  
Олай өтсем бір ұстап, былай өтсем...

Сендер-ақ бәле болған шығарсыңдар» – деген екен.

Айтақын МҰХАМАДИ.

## ҚАЗАНАМА

Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, Бикен Римова атындағы Талдықорған драма театрының әртісі Кендебай Темірбайұлы мен Қазақстанның халық әртісі Алмахан Кенжебекованың



**сүйікті ұлы Медеу КЕНДЕБАЙҰЛЫНЫҢ** ұзаққа созылған ауыр науқастан қайтыс болуына байланысты театр ұжымы қайғысына ортақтасып, көңіл білдіреді. Медеу ұлдарыңыздың жатқан жері жайлы, топырағы торқа, иманы жолдасы болсын!

Ажал бір алса жағадан,  
Құтылған пенде жоқ одан.  
Патша да, құл да түбінде,  
Бір күні шығар моладан.

Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, Бикен Римова атындағы Талдықорған драма театрының әртісі Кендебай Темірбайұлы мен Қазақстанның халық әртісі Алмахан Кенжебекованың баласы Медеудің қайтыс болуына байланысты «Алатау» қоғамдық-саяси газетінің ұжымы қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

Редакция алқасының төрағасы - ЫРЫМ КЕНЕНБАЙ

Баспахана директоры  
Бақберген ТҮКІБАЕВ

Редакция алқасы:

Шынар ЖЕҢІСҚЫЗЫ - редактордың орынбасары  
Гүлназ ЕРДАУЛЕТОВА - тілші  
Данагүл БЕРЕКЕТ - тілші

Бас редактор  
Айтақын БҰЛҒАҚОВ

Кезекші редактор: Д. БЕРЕКЕТ.

Алатау

Газет Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінде 2007 жылғы 27 тамызда тіркеліп, № 8639-Г куәлігі берілген.

Газет аптасына бір рет, жұма күні шығады. Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді. Жарнама мен хабарландырулардың мазмұны мен мәтініне жарнама беруші жауапты.

Газет Талдықорған қаласы, Қабанбай батыр көшесі, 32 үйді «Алматы-Болашақ» АҚ филиалы «Офсет» баспаханасында басылады.

Редакция мекенжайы: 040000, Талдықорған қаласы, Қабанбай батыр көшесі, 32 үй, екінші қабат.

Телефондары: 8(7282) 41-11-70, 41-11-42; факс: 41-09-29  
E-mail: alatau\_offset@mail.ru  
E-mail: www.alatau.kz@mail.ru

Газет 07. 08. 2001 жылдан бастап шығады.

Таралымы 6868  
Тапсырыс №185

Индекс 15534



Құрылтайшы  
"АЛМАТЫ-БОЛАШАҚ" АҚ